

## KELBET

ЖАҢА ДЕПУТАТТАР  
ІСКЕ КІРІСТІ

4-бет

## QOƒAM

ЗЫМЫРАН ЗАРДАПТАРЫ  
ЗЕРТТЕЛУГЕ ТИІС

5-бет

## ÁLEÝMET

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ –  
ӨРКЕНДЕУДІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

6-бет

## TIRSHILIK

УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ  
ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

7-бет

### ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ



## ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген терең мағыналы сөзі бар. Бүгінгі күннің басты тақырыбынан әлемді әбгерге салған COVID-19 ауруы түспей келеді. Қаншама жерлестеріміз осы емі әзірге белгісіз жұқпалы аурудан көз жұмды, қаншама отбасы қайғы жамылды. Осының бәрі түсінігі бар адамға – үлкен сабақ. Бірақ, өкінішке орай бізде той жасау, көпшілікті жинау іс-шаралар ұйымдастыру толастамай тұр. Көбі оны дәстүрге балайды, алайда қазір дәстүрге түсіністікпен қарап, одан да маңызды адам өмірі екеніне көңіл бөлуіміз керек.

Жақынына жанашыр болып, деннің саулығын басты назарда ұстау қажеттігін әлі де көптеген жерлестеріміздің жете түсінбей келе жатқаны қынжылтады. Қоғамға қауіп осындай жауапсыздықтан туындайды. 16 қаңтар күні қаламыздағы тойханалардың бірінде «Қыз ұзату» рәсімі өткізіліп, көпшілік жиналған. Мобильді топ осындай заң бұзушылықтармен тиісті шараларын өткізіп, айыпшұл салғанымен, бұдан қорытынды шығарып жатқандар аз. Біз барша жезқазғандықтар бірігіп карантин талаптарын сақтауды бірдей атқарғанда ғана індеттің таралмауын қамтамасыз етеміз.

Мен үшін әрбір жезқазғандықтың өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығының мықты болғаны маңызды, бірақ бұл сіздердің тараптарыңыздан да осындай аса маңызды құндылық – Өмірге деген құштарлықтарыңыз болса ғана мағынасы арта түседі.

Біз рухы биік, батыр халықтың ұрпағымыз, халықтың басына небір қаралы сәттер туғанда біздің жойылып кетпеуімізге бойымыздағы батыр ұрпақтың рухы жол бермеген. Сол рухты, өмір сүруге деген құштарлықты қолдайтын кез келді. Атақты Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп, ел болудың алтын қағидасын айтып кеткені есімізде. Ендеше, ел болып қалудың жолын ұстанып, тәртіпке бағынайық!

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,  
Жезқазған қаласының әкімі

►► 2-бетте




### ӨНЕРКӘСІП

2020 жылы экономиканың нақты секторының дамуында оң тенденция сақталды.

Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары 611 млрд. теңгенің өнімін шығарып, өткен жылмен салыстырғандағы өсім 115,5 пайызды құрады. Өңдеуші өнеркәсіп өнімінің көлемі 13,5 пайызға артып, 578 млрд теңгені құрады.

2021 жылы да осы динамика сақталып, өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 620 млрд теңге шамасында болады деп болжануда.



### ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Негізгі капиталға инвестиция тарту бойынша мақсатты жұмыстар жүруде.

2020 жылы қала экономикасына 37 млрд. 570 млн. теңге теңге инвестиция құйылып, өсім 20 пайызды құрады, оның ішінде жеке инвестициялар көлемі – 19 млрд. 900 млн. теңге.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың басым бөлігі өнеркәсіпке бағытталған – 10 млрд. 800 млн. теңге.

2021 жылы жалпы инвестиция құны 18 млрд. теңге болатын 3 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, бұл 350 жана жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Ол мына жобалар:

- 1) «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС «Қара мыс концентратын гидрометаллургиялық қайта өңдеу тәжірибе зауыты құрылысы»;
- 2) «Қазхимсинтез» ЖШС өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт құрылысы»;
- 3) «KazGreenEnergy» ЖШС биоэлектр стансасының құрылысы».

Бұл жобалар іске қосылған соң негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 18 млрд. теңгеге артады.

Индустриялық-инновациялық даму аясында 9 инвестициялық жоба іске қосылды. Оларда 652 жұмыс орны құрылып, 3 млрд. 200 млн. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 35 пайызға артық.

### Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары!

2021 жылдың басы баршаңыз білетіндей, еліміз үшін маңызды саяси оқиға ҚР Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауымен басталды. Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар өтеді. Біз бар күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек. Басты басымдық – халықтың өмір сапасын арттыру мен әл-ауқатын көтеру» деді. Сондай-ақ, ол «халықтың әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың толық жүзеге асуы мен нақты нәтижелер күтіп отырғанын» да атап өтті.

Жезқазған қаласының әкімдігі бұл маңызды міндеттерді орындауға тың қарқынмен кірісті. Биыл – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Ел тарихындағы бұл маңызды кезеңге орай іс-шаралар ұйымдастырылып, нақты жобалар жүзеге асырылмақ. Тұтастай алғанда қаланың экономикалық көрсеткіштері қалыпта, бұл бізге дамудың жаңа көкжиегін айқындауға мүмкіндік береді. Біздің жоспарларымыз өмірдің барлық саласында нақты шараларды жүзеге асыруға, әрбір адамның өмірінің жақсарғанын сезінуіне бағытталған. Ол жоспарлардың біршамасы биыл «Жезқазғанның 70 жылдығына 70 игі іс» жобасы аясында бастау алмақ. Жобаның тұсаукесері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұйымдастырылады.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дейді халық даналығы. Біз барлық жоспарларымызды сіздермен бірге жүзеге асыратын боламыз. Ондай ақылдасу алаңының бірі – осы қала әкімінің атқарылған жұмыстар жөніндегі тұрғындар алдындағы дәстүрлі есебі.

### 2020 жылы атқарылған жұмыстар және алдағы жоспарлар туралы

Жыл қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштердің оң динамикасы байқалады. Өнеркәсіп өсімі 15,5, инвестициялар 20, ауылшаруашылығында 13,2, құрылыста 16, сауда-саттықта 25 пайыз өсім байқалды.

Жұмыссыздық деңгейі 0,1 пайыздық тармаққа төмендеп, 4,7 пайызды құрады, орташа есебінде мөлшері өткен жылмен салыстырғанда 187086 теңгеден 219737 теңгеге дейін немесе 17,5 пайызға артты.

Экономиканың өсімі бюджет саясатына да оң ықпалын тигізуде.

2020 жылғы қала бюджеті 106,9 пайызға орындалды, оның ішінде кіріс бөлігі 1 млрд. 924 млн. теңгеге артық орындалып, 27 млрд. 725 млн. теңге игерілді.

2021 жылдың бюджеті 22 млрд. 400 млн. теңге көлемінде бекітіліп, онда қаланың әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары айқындалды.

### Қазақстан Республикасы Президентінің

2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2021 жылдың 3 ақпанында

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді

№ п/п	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
	Жезқазған қаласы	Қайрат Бектайұлы Әбсағдаров – қала әкімі	3.02.2021 ж.	С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Сәтбаев көшесі, 1, сағ.15:00

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылды:

Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.  
Пушкин көшесі, 5, «Юникс» дүкені.  
Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.

Марғұлан көшесі, 29 а, «Самади» дүкені.  
Кенгір селосы, Әуезов көшесі, 27, «ULY DALA» гипермаркеті.

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 8-710 2/-73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

### Қазақстан Республикасы Президентінің

2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2021 жылдың қаңтардың 26 мен 29 аралығында Кенгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді

№ п/п	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1	Кенгір селосы	Қанағат Байжанұлы Жанпейісов – село әкімі	26.01.2021 ж.	Кенгір селосының клубы, акт залы, сағат 11:00
2	Талап селосы	Ғабид Елтіңдіұлы Битенов – село әкімі	27.01.2021 ж.	Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы сағат 11:00
3	Малшыбай селосы	Ерғазы Егізтайұлы Аянбаев – село әкімі	29.01.2021ж.	Малшыбай селосының клубы, акт залы, сағат 11:00

Кенгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2020 жылдың 26 - 29 желтоқсан аралығында жәшіктер қойылды:

1. Кенгір селосы, Школьная көшесі, 2, № 2 ОМ.
2. Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ.
3. Малшыбай селосы, №15 НМ.

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2020 жылдың 26 желтоқсанынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 8-710 2/-73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

БРИФИНГ

КАРАНТИН КҮШЕЙЕДІ

Қайыпты індет қайта дендеген сәтте карантин талаптары қатаң ұстану, әлеуметтік арақатынасты сақтау, кісі қарасы қалың ортадан оқшаулану, адам көп жерде масканы тастамау аса маңызды. Осыған сәйкес Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров пен қаланың бас санитариялық дәрігері Оңал Байғожина брифинг өткізіп, қазіргі эпидемиологиялық ахуал туралы толық мағлұмат берді.



– Біз аурудың өршуіне жол бермеу мақсатында қаланың бас мемлекеттік санитариялық дәрігер шығарған қаулы талаптарының орындалуын қатаң қадағалауға міндеттендік. Біз ең алдымен өзіміздің және жақынымыздың денсаулығын қорғауға бағытталған. Тәртіп болған жерде ауруды еңсеріп шығу мүмкіндігі басым. Қазіргі енгізіліп жатқан шектеу шаралары елдің қауіпсіздігін қорғауға септігін тигізеді. 2020 жылдың 6 желтоқсанында COVID-19 дертіне шалдыққан жезқазғандықтар саны 6-ау ғана болатын. Бір ай ішінде, яғни, 2021 жылдың 19 қаңтарында науқастар саны 6,5 есеге артты. Бұл – 100 мың адамға шаққанда бір адам кем дегенде айналасындағы екі адамға ауру вирусын жұқтырады деген сөз. 20 қаңтардағы көрсеткіш бойынша инфекциялық госпитальда 56 емделушіге тиісті ем көрсетіліп жатыр, – деген қала басшысы Жезқазғанда КВИ-мен ауырған науқастарға 920 орын, жансақтау бөлімінде 53 орын дайындалғанын жеткізді.

Бүгінде қаланың медициналық орталықтарында 2 цифрлы рентген аппараты, 17 өкпені жасанды тыныстандыру аппараты, 305 оттегі концентраторы, 247 пульсоксиметр, 2 компьютерлік томография аппараты бар.

Одан әрі Оңал Байғожина 23 қаңтардан бастап Жезқазған қаласы аумағына енгізілген күшейтілген карантин шектеулерімен таныстырды. Аталған шектеуге сәйкес ойын-сауық орталықтары қызметтерінің жұмысына, кароке, бильярд, боулинг орталықтарымен букмейкерлік кеңселер, жабық алаңдағы балалар ойын-сауық мекемелеріне, түнгі клубтар жұмысына тыйым салынады. Отбасылық жиын-тойларды да өткізуге болмайды. Мәдениет нысандары, соның ішінде театрлар мен кинотеатрлар да жұмыстарын тоқтатады.

Кезекші сыныптарды қоспағанда мектепке дейінгі білім беру мекемелері, көрмелер де уақытша жұмыстарын тоқтатады, қоғамдық-мәдени іс-шаралар, ғылыми конференциялар да ұйымдастырылмайды.

Отбасы мүшелерін қоспағанда 3 адамнан артық жиналуға болмайды. Жерлеу рәсімдеріне де 5 адамнан артық адамдар қатыспағаны абзал. Көлемі 2000 шаршы метрден артық емес азық-түлік және азық-түліктік емес дүкендер мен сауда орталықтары сағат 20:00-ге дейін жұмыс істей алады. Ал халыққа қызмет көрсету орталығы мен «Қазпошта» АҚ бөлімшелері 18:00-ге дейін қызмет көрсетеді. Спортшылардың оқу-жаттығу жұмыстарына және Қазақстаннан тыс спорттық жарыстарға қатысуға да тыйым салынады.

Қоғамдық тамақтандыру мекемелері де таңғы сағат 09:00-ден кешкі 20:00 сағатқа дейін қызмет көрсете алады, бірақ мекеме ішіндегі тұтынушылар саны белгіленген орындардың 50 пайызынан аспауы қажет. Ең шекті мөлшер – 30 адамға дейін. Ашық базарлар жексенбі күні жұмыс істемейді. Ал ашық алаңдардағы жеке және топтық спорттық, фитнесік жаттығуларға, медициналық және 15 балаға дейінгі білім беру орталықтарының, сулулық салондарының жұмысына шектеу жасалмайды. Тек аталған мекемелер алдын ала жазылым бойынша ғана қызмет көрсетуге, санитарлық талаптар мен сақтық шараларын қатаң ұстануға міндетті. Ауық-ауық зағалсыздандыру шаралары жүргізілуіне міндеттелген моншалар да өз аумағына сәйкес 50 пайызға дейінгі мөлшерде тұрғындарға қызмет көрсете алады. Ал қонақүйлер, курорттық демалыс орындары мен туристік нысандар 80 пайыздық толықтырумен жұмыс істей алады. Діни мекемелердің де жұмысы шектеледі. Аталған шектеулермен егжей-тегжейлі таныстырған Оңал Байғожина қаладағы әрбір мекеме басшысы қарамағындағы қызметкерлердің қауіпсіздігін мен олардың санитарлық талаптарды қатаң сақтауын қадағалауды өз жауапкершілігіне алу қажеттігін де ескертті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



2021 ж. 23 қаңтарында сағат 00:00-ден бастап жексенбідегі іс-шаралар тоқтатылады: - сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, ауданы 2000 ш.м. астам сауда желілері (олардағы азық-түлік супермаркеттерін, дәрханаларды, сулулық салондарын, химиялық тазарту орындарын қоспағанда); - азық-түліктік және азық-түліктік емес жабық базарлар; - сауна, СПА-орталықтар, моншалар, массаж салондары; осы ретте жұмыс күндері олардың жұмыс режимдері сағат 09:00 бастап 20:00 дейін етіп шектеледі;

ЮРИЙ ЗАЛЫГИН Карағанды облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері



2021 ЖЫЛДЫҢ 23 ҚАҢТАРЫНДА САҒАТ 00:00-ДЕН БАСТАП ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІРҚАТАР ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ: 1. ХҚКО-НЫҢ ЖҰМЫСЫ 09:00-ДЕН 18:00-ГЕ ДЕЙІН ҚЫСҚАРАДЫ; 2. БАНКПЕН «ҚАЗПОЧТА» АҚ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ 09:00-ДЕН 18:00-ГЕ ДЕЙІН ҚЫСҚАРАДЫ; 3. ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ УАҚЫТЫ 07:00-ДЕН 22:00-ГЕ ДЕЙІН ШЕКТЕУЛІ; 4. 15 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ҚЫЗМЕТКЕРІ БАР ҰЙЫМДАРДЫҢ 60% ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫСҚА АУЫСАДЫ.

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДЫҢ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Қартадан тыс «С и Жест» ЖШС-ның «Құрылыс материалдарын шығаратын зауыт құрылысы» инвестициялық жобасы іске қосылып, 450 млн.тенге инвестиция тартылды, 15 жұмыс орны ашылды.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Есепті жыл ішінде ауылшаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 13 пайызға артып, 6 млрд.525 млн.тенгені құрады.

Ірі қара мал басы 18,2 пайызға, ұсақ мал 15,6 пайызға, жылқы 23,1 пайызға өсіп, ет өндіру 3,6 пайызға, сүт өнімдерінің көлемі 8,2 пайызға артты.

Қаланың ауылшаруашылығын дамытуға «Сыбаға» және «Алтын асық» бағдарламаларының жүзеге асуы үлкен қолдау көрсетуде, осы бағдарламалар аясында 21 шаруа қожалығы жалпы көлемі 16 млн.тенге болатын субсидия алды.

2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыс пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 50 млн. тенге болатын 11 микрокредит берілді.

Өз ісін ашу және жұмыс істеп тұрған шаруа қожалығын кеңейту мақсатында «Бөрібаев» және «Бақыт» шаруа қожалықтары өз қаражаттары есебінен 355 мүйізді ірі қара, 800 бас қой мен 100 бас жылқы сатып алды.

Ауылшаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдау мақсатында шаруа қожалығын және фермерлік шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелерін ұсыну бойынша 38 (56 854 гектар) жер учаскесі берілді.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ

Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – біздің жұмыстың маңызды бағыттарының бірі.

ШОБ-тың қала экономикасындағы үлесі 15 пайыздан асады, ал түсімдердің жалпы көлеміндегі үлесі – 36 пайыз.

Кәсіпкерлік саласында 14 мыңнан астам адам еңбек етеді – бұл қала халқының экономикалық белсенді бөлігінің үштен біріне тең.

2020 жылы қалада 1 млрд.600 млн.тенге болатын 27 шағын және орта бизнес нысаны ашылып, жана 130 жұмыс орны құрылды.

«Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында жалпы құны 812 млн.тенге болатын 37 жобаға қолдау көрсетіліп, 157 жұмыс орны сақталды, жаңадан 56 жұмыс орны ашылды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 260 млн.тенгенің 2 жобасына қолдау көрсетіліп, 15 жаңа жұмыс орны ашылды.

Биыл жалпы сомасы 1 млрд.800 млн.тенге болатын 29 нысан ашылып, жаңадан 142-ден астам жұмыс орны құрылады деп жоспарланып отыр.

Халыққа қолайлы жағдай туғызу, сондай-ақ, қаланың эстетикалық келбетін жақсарту мақсатында 2020 жылы наурыз айында «Шаруа» базары қайта құрылымдау аяқталды. Биыл осы бағыттағы жұмыс «Нарық» және «Мерей» базарларында жалғасуда.

Бірінші кезектегі азық-түлік бағасының өсуін тежеу мақсатында 2020 жылы жалпы инвестиция құны 80 млн. тенге болатын 8 «ULY DALA» мини-маркеті ашылды, онда жаңадан 24 жұмыс орны құрылды. Биыл тағы осындай 2 мини-маркет пен инвестиция көлемі 950 млн.тенге болатын, жаңадан 50 жұмыс орны ашылатын, азық-түлік бағасы нарықтағыдан 5-10 пайызға төмен болатын «Самади» гипермаркетін ашу жоспарлануда.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саясатын жаңғырту мүлдем жаңа талаптарға ие.

Осыған байланысты 2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы халықтың әлеуметтік осал топтарын қоса алғанда нарықта сұранысқа ие біліктілік пен дағдыларды иеленудің, жаппай кәсіпкерлікті дамытудың, еңбек арақатынасының тиімді моделін құрудың жаңа жүйесін құруға бағытталған.

2020 жылы жалпы сомасы 152 млн.тенге болатын, жаңа 55 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 20 жобаға қолдау көрсетілді.

1518 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 822-сі – тұрақты немесе жоспардың 148 пайызына тең.

Жұмыспен қамту шараларының арқасында барлығы 3 899 жұмыссыз жұмыспен қамтылды.

145 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 155 адам жастар практикасына жолдама алып, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға 763 адам тартылды, бұл бытырғымен салыстырғанда 1,2 пайызға артық. Қысқамерзімді оқыту курстарына 71 адам жолданды.

Қолға алынған іс-шаралардың арқасында жұмыссыздар саны 339 адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайыздан 4,7 пайызға төмендеді. 2021 жылы жана 1 030 жұмыс орнын, оның ішінде 272 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап республикада көп балалы аналарға жана жәрдемақы енгізілді.

Мемлекеттік арнаулы әлеуметтік көмек алу үшін 372 отбасы немесе 1683 адам өтініш білдіріп, оларға жалпы сомасы 153 млн.тенге болатын арнаулы әлеуметтік көмек көрсетілді.

АӨК алағындар арасынан белсенді жұмыспен қамту шараларына 182 адам тартылып, 162 адам жұмыспен қамтылды.

2020 жылдан бастап аз қамтылған отбасылар саны 50 пайызға немесе 371 отбасыға (1 830 адам) азайғанын атап өту керек.

1-ден 6 жасқа дейінгі балалары бар арнаулы әлеуметтік көмек алушылар кепілдендірілген әлеуметтік пакеттермен қамтамасыз етілді.

2021 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап аталған қызмет Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы көрсетілетін болады. Арнаулы әлеуметтік көмек алушылар 100 пайыз электронды-цифрлы қолтаңбамен қамтамасыз етілген.

Қалада 1 376 көпбалалы ана бар, олардың 1 019-ы тегін жол жүру билеттерін алды.

2020 жылғы 26 наурыздан бастап Жұмыспен қамту орталығы жанында «Жануя» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығы жұмыс істейді. Орталық білікті психолог қызмет көрсетіп, мамандар АӨК алу, оқу, жұмысқа тұру, өз ісін ашу жөнінде кеңестер береді. Орталықта 375 адамға кеңес беріліп, 5 «Гікселей эфир» өткізіліп, сондай-ақ, БАҚ және әлеуметтік желі арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Пандемияға байланысты Мемлекет басшысы елде Төтенше жағдай жариялап, шектеу шаралары енді. 5 категория бойынша әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қолдау мақсатында 24 мың адамға жалпы сомасы 134 млн.тенге болатын материалдық көмек көрсетілді.

42500 теңге болатын бір реттік әлеуметтік төлем 1 621 адамға аударылды. Қалалық штаб 2 315 өтініш қаулап, олардың 1 621-і (2 099 адам) мақұлданды. Аталған төлем Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан төленеді.

Республикалық «Біз біргеміз» акциясы аясында «Nur Otan» партиясының бастамасымен 50 мың теңге көлемінде 5 мыңнан астам адамға 290 млн.тенге болатын материалдық көмек көрсетілді.

Өзара түсіністік және әріптестік жөніндегі облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС арасында қол қойылған меморандумға сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтары арасында 1 753 адам жалпы сомасы 53 млн.тенге болатын бір реттік материалдық көмек алды.

2020 жылды ел Президенті Қ.Тоқаев Волонтер жылы деп жариялаған болатын. Бұл біздің қаламызда да волонтерліктің ролін арттырды. Президентіміз атап өткендей, волонтерлер шын мәнінде қайырымдылықтың, шынайлықтың, қарапайым адамдарға деген жанашырлықтың символы бола білді. Егер 2020 жылдың басында қалада 200 волонтер болса, 3 айдан кейін олардың саны 500-ге дейін өсті. «Бірлік» волонтерлер орталығы жұмыс істейді.

Пандемия кезінде қала волонтерлары қаланың 2 мың тұрғынына көмек көрсетті. «Індетпен күрес» қоры құрылып, қор қысқа мерзім ішінде қажетті медициналық аппараттар алу үшін 12 млн.тенге қаражат жинады. 250 қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Волонтерлер күні қарсаңында 100 ең белсенді волонтер «Алтын жүрек» тесбелгісімен, қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды. 6 адам «Халық алғысы» медаліне ие болды. Қалада қайырымдылық акцияларына белсенді қатысатын кәсіпкерлер қатарының артуы қуантарлық жағдай болып отыр.

Қаланың коммерциялық құрылымдары аз қамтылған отбасылар, қарт кісілер, мүгедектер және мүгедек балалар қатарынан 7 мыңнан астам адамға 300 млн.тенгеден астам қайырымдылық көмек көрсетілді.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап үлестіруші зейнетақы 7 пайызға артып, оның ең төменгі мөлшері 38 636 теңгені құрады. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері 5 пайызға артып, оның ең төменгі мөлшері 16 839 теңгені құрады, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін мемлекеттік әлеуметтік төлемдер көлемі күнкоріс минимумының өзгеруіне байланысты 5 пайызға артты.

2019 жылмен салыстырғанда мүгедектігіне байланысты жәрдемақы алушылар саны 1,4 пайызға артып, 4 574 адамды құрады.

Үйінен оқитын 37 мүгедек балаға 869 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Арнайы әлеуметтік жәрдемақы алатын 12 жалғызбасты зейнеткер мен мүгедек тұлғаға 377 мың теңге көлемінде өтемақы төленді.

Соғыс ардагерлері мен оларға нестестірілгендерді, мүгедектер мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау жергілікті атқарушы органдардың басты назарында қала бермек.

Жалпы сомасы 100 млн теңгеге 2 мыңнан астам тұрғынға әлеуметтік көмек көрсетілді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 17,9%-ға артық. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау мен оналтуға көп көңіл бөлінді. 2020 жылы 152 адам сурдо-тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етілсе, 107 адамға арба берілді, санаторлық - курорттық емделуге жолдамамен 162 адам жіберілді.

Мүгедектігі бар 191 бала мен 325 жалғызбасты мүгедек зейнеткерлерге үйде қызмет көрсетуді ұйымдастыру да жалғасуда.

БІЛІМ БЕРУ

Білім беру саласында мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымдық деңгейін жақсарту мақсатында 2020 жылы 283 млн теңгеге 7 балабақшаның шатыры мен терезелеріне күрделі жөндеу жүргізілді.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында №14 «Балдырған» балабақшасының ғимаратына 148 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Нәтижесінде балабақша ғимараттарының тозу көрсеткіші 60%-дан 50%-ға дейін төмендеді.

2021 жылы №№1,10 балабақшаларға күрделі жөндеу жүргізілді.

1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі оқу және тәрбиелеу қамту көрсеткіші жекененшік балабақша қатарының көбеюі есебінен 77,2%-ды құрады.

2021 жылы 320 орындық жаңа балабақшаның құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сонымен бірге, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС өз қаражаты есебінен жалпы жобалық қуаты 880 орындық болатын 4 балабақша салынады. Нәтижесінде балабақшамен қамту 94%-ға жетеді.

Орта білім беру саласында 2020 жылы 900 орындық жаңа мектептің құрылысы аяқталып, Қарағанды облысы білім басқармасының дарынды балаларға арналған «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-не берілді. Ауылдық жерлердің дарынды балаларына осы мектепте білім алуына мүмкіндік жасау мақсатында жатақхана құрылысы жоспарлануда.

Бастауыш сынып кабинеттері, робототехника, интерактивті панельдер, инклюзивті сыныптар мен мектеп асханаларына арналған жабдықтар, спорттық тауарлар сатып алынды. Мектептер 100% жаңа модификация кабинеттерімен қамтамасыз етілген.

Оқушыларды компьютерлік техникамен қамтамасыз ету көрсеткіші облыстық деңгейге жетті – 1 компьютерге 4 оқушы. Бүгінді көрсеткішке жергілікті бюджет қаражаты есебінен 171 млн теңгеге 575 компьютер, республикалық бюджет қаражаты есебінен 1 714 ноутбук сатып алу және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің демеушілігімен берілген 399 ноутбук арқылы қол жеткізілді.

Өткен жылы №№3, 21 және Кенгір селосындағы №2 мектептер, № 26 гимназия күрделі жөндеуден өтті. Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде №7 мектеп-лицейдің кәріз желілері, №4 орта мектептің қоршауы ауыстырылды. Соның нәтижесінде мектеп ғимараттарын жаңарту көрсеткіші 57%-дан 74%-ға ұлғайды.

2021 жылдың бюджетінде жалпы сомасы 348 млн теңге №9, 133 мектептердің күрделі жөндеуі, сонымен қатар, балабақшалар мен шағын орталықтар үшін жиһаз бен ас үй жабдықтарын сатып алуға қаржы қарастырылған. Осылайша, жалпы білім беретін мектептердің ғимараттарын жаңарту 80% - ға артады.

Апатты жағдайдағы мектептерді жою мақсатында Төректі стансасында құрылысы басталған 80 орындық мектепті 2021 жылдың тамызы айында пайдалануға беру жоспарлануда.

Оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету – білім беру саласының негізгі міндеті. 2020 жылы мектеп бітіруші 502 түлектің 455 - і жоғары оқу орындарына оқуға түсті. Оның ішінде 275 түлек мемлекеттік білім грантының иегері атанды, бұл жоғары оқу орындарына түскендердің жалпы санының 60%-ын құрайды. Облыстық пәндік олимпиадада 10 оқушы, республикалықта 6 оқушы топ жарса, халықаралық олимпиадада 1 шөкіртіміз жеңімпаз атанды.

Білім беру және тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз етуде педагогтердің алар орны ерекше. Өткен жылы алғашқы болып №8 гимназияның орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алма Топышқызы Бялова «Қарағанды облысы білім саласының құрметті педагогі» атағына ие болды.

►►► 3-бетте



# ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАР

(Жалғасы. Басы 1, 2-беттерде).

№13 жалпы білім беретін орта мектептің биология мұғалімі Гүлжаш Сауырбайқызы Ерғалиева «Үздік педагог» төсбелгісімен марапатталды, 5 педагогтің есімі «Қарағанды облысының Білім берудегі 100 жаңа есімі» энциклопедиясына енді.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Халықтың денсаулығын сақтау және нығайту – денсаулық сақтау саласының негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі.

COVID – 19 пандемиясына байланысты қаланың медициналық ұйымдары қосымша заманауи медициналық техникамен жабдықталды. Олар: 2 цифрлық рентген аппараты, 17 ӨЖЖ, 305 оттегі концентраторы, 247 пульсоксиметр, 3 компьютерлік томограф. Осылайша, қалада 5 КТ, 38 ӨЖЖ, 4 цифрлық рентген аппараты мен 335 оттегі концентраторы, 397 пульсоксиметр бар.

Аталған медициналық жабдықты сатып алу нақастарды тексерудің қолжетімділігін арттырып, ауруды уақтылы анықтауға, аурудың ауыр түріне ауысуға жол бермей емдеуге мүмкіндік береді.

Қаладағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру және коронавирусы инфекциясын жұқтырған нақастарды емдеу үшін инфекциялық орындардың жеткілікті қорын құру мақсатында 2020 жылдың қазан айында жалпы сметалық құны 7,2 млрд теңге болатын 200 орынға шақталған заманауи модульдік инфекциялық орталық ашылды.

Жансақтау бөліміндегі нақастарды емдеу үшін орталықтандырылған медициналық газдың 138 оттегі нүктесі Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасына, 200 нүктесі модульдік инфекциялық орталыққа орнатылды.

Тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның таралуын ерте анықтау және алдын алу мақсатында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС қолдауымен 2020 жылдың маусымында «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС базасында гендік-молекулалық зерттеулер зертханасы ашылды.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің ұтқырлығын арттыру және жедел жәрдем станциясының шақыртуларына қызмет көрсету үшін 7 автокөлік сатып алынды.

Денсаулық сақтау жүйесінің алдына қойылған міндеттерді іске асырудың негізгі кадрлық әлеует болып табылады.

Қаланың медициналық ұйымдарына 10 жас маман келді.

Облыс әкімдігі, денсаулық сақтау басқармасы және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасында жасалған меморандум аясында Жеңіс көшесі 3 А мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үйден денсаулық сақтау мамандарына 20 пәтер беру жоспарлануда.

Сондай-ақ, тағы 23 жас маман келеді деп күтілуде. Ағымдағы жылы медицина саласының қызметкерлеріне Гагарин көшесіндегі 70/2 үйден жиізбен және тұрмыстық техникамен жабдықталған 28 жайлы пәтер беріледі.

## МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ

Пандемия мәдениет, өнер және спорт мекемелерінің қызметіне де айтарлықтай түзетулер енгізді.

Өткен жылы онлайн форматта мыңнан астам мәдени-демалыс іс-шарасы өткізілді. 62 спектакль қойылды, бұл ретте театр репертуары үш жаңа спектакльмен толыққанды айта кеткен жөн. Қаланың көркемөнерпаздар ұжымдары халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі 20 түрлі фестиваль мен байқауға қатысты. Халықаралық «Pro tapсу» байқауында «Диндалле» халық ансамблі байқаудың бас жүлдесіне ие болды, Финляндияда өткен халықаралық вокалистер байқауында Қазақстан Республикасының атынан шыққан «VIVO» ансамблінің солисі І орынды иеленсе, республикалық «Мәңгілік ел алыптары» атты байқауда «Шалқыма» хореографиялық ансамблі бас жүлдені, «Кербез» би тобы республикалық «ART-dance.kz» байқауында І орынды қанжығасына байлады.

Жезқазғанда шығармашылық, талантты да дарынды тұлғаларға ерекше көңіл бөлінді. 2020 жылы мәдениет пен өнердің 4 үздік қызметкері Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болды. С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының режиссері Мируана Жанботаева «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, театр әртісі Құрман Игібаев «Үздік эпизодтық ролі үшін» номинациясымен және Қарағанды облысы әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығымен марапатталды. Халықтық ансамбльдің көркем жетекшісі Валентина Ким «Көркемдік ұжымның үздік жетекшісі» номинациясының, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ғазиз Ештанаяев «Алтын жолақ» номинациясының иегері атанды.

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында азаматтардың рухани дамуына қолайлы жағдай жасау үшін Теректі стансасындағы ауылдық клуб күрделі жөндеуден өтті.

Жезқазған қаласының туристік әлеуетін дамыту бойынша өңірдің киелі және сакралды жерлердің туристік бағыттары әзірленді. Онда Жошы хан мен Алаша хан, Домбауыл, Теректі әулие және басқа да кесенелер енді. Жалпы, туристік бағыт картасына тағы 8 тарихи ескерткішті кіргізу көзделіп отыр. Бұл Ұлытаудың тарихи-мәдени мұрасына көзбен көруге мүмкіндік бермек. Жоспар бойынша біздің аймаққа жылына 3 мыңға жуық турист келеді деп күтілуде.

Жезқазған қаласында тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылады. Тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы жұмыс жасайды. Орталықта қазақ, орыс және ағылшын тілдері тегін үйретіледі. 2020 жылы 20 топ құрылып, онда 301 тыңдаушы оқытылды. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 2% артқан.

Биылғы жыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтеді. Осы атаулы күнге арналған іс-шаралар шеңберінде республикалық ақындар айтысын, халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің «Ұлытау үні» фестивалінің 30 жылдығын ұйымдастыру мен өткізу жоспарлануда. Сонымен бірге, Жезқазған-Ұлытау өңірінің шығармашы тұлғаларына арналған «Руханият» аллеясының, Ұлы Абай ескерткішінің, «Алаш қайраткерлері» композициясының ашылуы тағы бар.

Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеуге дайындық аясында көпшіліктің қазақ халқының қалыптасу тарихының маңызды кезеңдерінің біріне қызығушылығын арттырып, келушілерді тарту мақсатында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің құрылысы басталды. Нысанның жалпы сметалық құны – 1,4 млрд теңге Құрылыстың аяқталуы 2021 жылдың маусымына белгіленген.

Аталған жобаны іске асыру кезінде 226 жұмыссыз тұрғын жұмыспен қамтамасыз етіледі.

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

Бүгінде қала тұрғындарын спортпен және дене шынықтырумен айналысуға тарту маңызды болып отыр.

2020 жылдың қорытындысы бойынша спортпен шұғылданатын тұрғындардың саны 28 914-ке жетті немесе 30,6% құрады.

Бізге спорттың 26 түрі дамыған. Олардың 11-і – олимпиадалық спорт түрі, 6-уы – олимпиадалық емес спорт түрі, 3-еуі – ұлттық спорт түрі.

Қалада спорттық-сауықтыру кешені, «Тэквондо», «НАМЫС» спорт кешендері мен екі бірдей облыстық мамандандырылған спорт мектебі (Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі (1 930 бала, спорттың 5 түрі), балалар мен жасөспірімдердің байдарка және каноэда есуден мамандандырылған олимпиадалық резервтегі спорт мектебі (386 бала, спорттың 1 түрі)) сынды спорт нысандары жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасының спорт күніне орай онлайн-жарыстар ұйымдастырылды. Оның нәтижесі бойынша 4 спортшы мен бапкер-жаттықтырушы үздік атанып, «Олимпиадалық спорт түрі бойынша Жылдың үздік спортшысы», «Олимпиадалық спорт түрі бойынша Жылдың үздік жаттықтырушысы», «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша Үздік жаттықтырушы» және «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша Үздік спортшы» номинацияларымен марапатталды.

Ағымдағы жылы біз құрылысы былтыр басталған 320 орынға шақталған спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтаймыз. Нысанның жалпы сметалық құны – 1 млрд 700 млн теңге. Спорттық-сауықтыру кешенінде қала тұрғындары көптен күткен бассейні, сондай-ақ басқа да спорт және ойын залдары болады. Біз халықтың жан-жақты физикалық дамуына ықпал етіп, көрсетілетін спорттық қызметтердің сапасын арттыруды мақсат тұтамыз.

## ҚҰРЫЛЫС

Сонғы жылдары көп қабатты тұрғын үй құрылысы қарқын ала бастады. Бұл тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесін жоспарлы түрде шешуге мүмкіндік беріп отыр.

2018 жылы республикалық бюджет есебінен 2 көпқабатты тұрғын үй (Сәтбаев көшесі 70 Б – 36 пәтер, (жалға), Гагарин көшесі 74 – 30 пәтер (несиелік), 2019 жылы несиелік 18 пәтерлі бір үй (Шевченко көшесі 23 А), ал 2020 жылы жалға берлетін 60 пәтерлі бір үй (Алашахан даңғылы 34 Д) салынып, тұрғындар игілігіне берілгені өздеріңізге белгілі.

Ағымдағы жылы бюджет қаражаты есебінен жалпы ауданы 7,9 мың шаршы метр болатын тағы 3 көпқабатты тұрғын үйдің (Алашахан даңғылы, 34 И, 34 К, Байқоңыров көшесі, 28 А) құрылысын аяқтау жоспарлануда. Аталмыш үйдің пәтерлері тұрғын үй кезегіндегі 108 отбасына беріледі.

Сонымен қатар, бізде жеке құрылыс салушылар есебінен бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы дамуда. 2019 жылы 30 пәтерлі бір көп қабатты тұрғын үй (Есенберлин көшесі 5/3), 2020 жылы 3 тұрғын үй (Алашахан даңғылы 22 Е – 50 пәтер, Дев көшесі 7А, – 30 пәтер, Жеңіс көшесі 3А – 30 пәтер) салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, жалпы ауданы 5 700 шаршы метр болатын тағы екі көпқабатты тұрғын үйдің (Анарқұлов көшесі 7А – 40 пәтер, Жеңіс көшесі 11А – 30 пәтер) құрылысы жоспарланған.

Мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2020 жылы жеке тұрғын үй секторына көріз және байланыс желілерін тарту жұмыстары басталды. Жобаның жалпы сомасы – 630 млн теңге.

2020 жылдан бастап жеке тұрғын үй құрылысы үшін 501 жер учаскесін үлестіру жұмыстары жүргізілуде.

Инженерлік инфрақұрылымның құрылысы аяқталғаннан кейін Кенгір селосында жеке тұрғын үй құрылысы үшін азаматтарға жер учаскелерін беру басталады.

Өткен жылдың қорытындысы нәтижесінде баспанаға мұқтаждығы барларға көп қабатты тұрғын үйден 78 жаңа пәтердің, көп балалы отбасылар үшін сатып алынған 17 пәтердің кілті табысталады, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы үшін 25 жер учаскесі беріледі. 22 отбасы «Бақытты отбасы» бағдарламасы (тұрғын үй кезегінде тұрғандарды «Отбасы банкі» арқылы жеңілдікпен несиелеу) аясында баспаналы болды.

## АУМАҚТЫҚ ДАМУ

Жезқазған өңірін әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022 жылға дейінгі кешенді жоспарымен қабылдау қаладағы жағдайды жақсарып, жаңа маңызды жобалар іске асыруға жол ашты.

Біздің қалада 9 бөлім бойынша 52 млрд теңгеге 32 жоба қарастырылған. Кешенді жоспарды іске асыру басталғалы бері 7 жоба орындалып, 25 млрд теңге игерілді. Олар:

Техногенді минералдық түзілімдерді қайта өңдеуге тарту;

«ULY DALA» гипермаркетін салу;

Аумағы 7 га болатын «Жастар» саябағын қайта жаңарту;

Емхана қалашығын қалпына келтіру;

Жезқазған қаласында «GARDEN HALL» мәдени-сауықтыру орталығын салу; 2021 жылы 14 млрд теңгеге 8 жаңа іс-шара жоспарланды.

Кенгір су қоймасының 104 га ауданына жасыл желектер отырғызу;

Жезқазған қаласында 900 орынға шақталған жалпы білім беретін орта мектеп салу;

2021 жылы 14 млрд теңгеге 8 жаңа іс-шара жоспарланды.

- 1) Қаланың канализация жүйесін қалпына келтіру;
- 2) Су құбырлары жүйесін қалпына келтіру;
- 3) Кенгір елді-мекенінде 140 орындық балабақша салу;
- 4) Ескек есу спортына арналған спорт кешенін салу;
- 5) Қатты тұрмыстық қалдықтарды жаңғырту;
- 6) Жезқазған қаласындағы көпқабатты үйлерге күрделі жөндеу жүргізу;
- 7) Жезқазған қаласында құтқару станциясының құрылысын бастау;
- 8) Жезқазған қаласындағы 4 автомобильге лайықталған өрт сөндіру бекетінің құрылысы.

## ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылады.

Қала орталықтандырылған сумен және жылумен толық қамтамасыз етілген. Қаланың 6 ауылдық елді мекені 75% орталықтандырылған сумен, 25% ағынды суларды бұрумен қамтылған.

Өткен жылы «ПТВС» АҚ 18 мың метр жылу желілерін, 13 мың метр су құбырларын, 2 мың метр көріз желілерін жөндеді.

«Қазақмыс Дистрибушн» ЭЖК ЖШС-нің көмегімен электр желілері мен жабдықтарын қыс маусымына дайындалды. 236 км электр желісі мен 98 подстанция жөндеді.

651 көп қабатты тұрғын үй, 37 білім беру, 11 денсаулық сақтау, 10 мәдениет саласының және 4 спорт нысаны жылыту маусымына уақытылы дайындалып, 2020-2021 жылдардың жылыту маусымы 2020 жылдың 10 қазанында басталды.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаланың 1 және 2 кезеңіндегі жылу желілерін қайта құру және жаңғырту жалғасуда. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2021 жж. Ауыстырылатын желілердің ұзындығы 1-кезеңде 6 км, 2-кезеңде 11 км-ді құрайды.

Бүгінде қала тұрақты жағдайда сумен қамтылуда. Жезқазған қаласының сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы – 400 км, желілердің тозуы орта есеппен 70%-ды құрап отыр.

Желілік тозу мәселесін шешу үшін өңірлерді дамыту бағдарламасына сәйкес 1,2,3- желілерінің жалпы ұзындығы 219 км болатын қалааралық сумен жабдықтау желілерін қайта құру жалғасуда.

Жобалар басталғаннан бері 133 км сумен жабдықтау желісі қайта жаңартылды, бұл 61%-ға тең.

Пристационарлы, Аварийный елді-мекендері және 5-округтің 7 көшесі (5-аудан – тек санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылды (жаңа қалашық желілерге). Биыл 4, 5, 6, 61-66-орамдар мен Геологиялық елді-мекенін де қосу жоспарда бар.

Аталған жобаны жүзеге асыру ауыз судың шығынын 33-тен 18%-ға дейін, сумен жабдықтау желілерінің тозуын 72-ден 36% -ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл жобалар 2023 жылы толық аяқталады деп күтілуде.

Жезқазған қаласын сумен қамтамасыз ететін негізгі су көздері – сыйымдылығы 319 текше метрге тең Кенгір су қоймасы мен Үйтас-Айдос жер асты сулары.

Бүгінгі таңда «Қазақмыс» корпорациясының бас жобалау институты «Үйтас-Айдос жер асты сулары кен орнын қайта құру» жобасын әзірлеуде. Бұл жоба аяқталғаннан кейін «Қазақмыс» корпорациясы «Қо-жамсейіт жер асты сулары кен орнын салу» жобасын дайындамақ.

Қаланы басты сумен қамтамасыз етіп отырған Кенгір су қоймасы суының жыл сайын азайып келе жатқанын ескерер болсақ, Қо-жамсейіт жер асты сулары кен орнын игеру жобасының жүзеге асуы – тұрғындар игілігі үшін ең маңызды қадамдардың бірі болмақ. Су қабылдағыштың құрылысы ауыз судың сапасын және қаланы сумен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді жақсартуға мүмкіндік береді. 2019 жылы «Жезқазған қаласының сумен қамтамасыз етілуін ескере отырып, Есқұла су қабдыдағышын қайта құру» жобасы жасалды. Сараптаманың оң қорытындысы алынды (2020 жылғы 27 ақпандағы No 01-0111 / 20 мемлекеттік сараптама). Қазақстан Республикасы Су ресурстары комитеті тарапынан қаржы да бөлінді. Мердігер ретінде «СК-KazAlem» ЖШС таңдалды.

«Жезқазған қаласының сумен қамтамасыз етілуін ескере отырып, Есқұла су құбыры құрылысын бастау» жобасы (№ 2 түзету) «Қазақмыс» корпорациясының бас жобалау институты мен Қазақстан Республикасы Су ресурстары комитетінің қаражаты есебінен әзірленді. Жобаға 2 миллиард теңге бөлініп, «СК Megaon» ЖШС мердігерлік міндетті мойнына алды.

Жобаға жаңа сорғы станциясының құрылысын аяқтау, гипохлорлау, хлорлау, су қоймалары, 3-көтергіштің сорғы станциясынан Жезқазған қаласына дейінгі су құбырын тарту (16 км) кіреді.



# ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ

(Соңы. Басы 1, 2, 3-беттерде).

## ГАЗДАНДЫРУ



Елбасының елді-мекендерді газдандыру жөніндегі бесінші бастамасын орындау мақсатында «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы жүріп жатыр, оның жалпы ұзындығы 1136 км-ді құрайды. 26 км Жезказған қаласының аумағынан өтеді. Жобаның жалпы сомасы 15 млрд теңгені құрайды.

Бүгінгі күні «КАТЭК» жобалау-зерттеу компаниясы Жезказғанды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге арналған жобалық-сметалық құжаттаманың барлық бөлімдері бойынша жұмыстарды аяқтады (шамамен 100% аяқталды). Жалпы алғанда 3,5 мың жеке және 14 көпқабатты үйлерді (шамамен 12 мың адам), 2 ірі кәсіпорынды газдандыру жоспарланған (мыс балқыту зауыты, «Казкат» зауыты). Болжам бойынша газға деген қажеттілік жылына 62 млн шаршы шақырымды құрайды.

Жезказған қаласын газдандыру III кезеңнен тұрады. I кезең: 1-іске қосу – Талап ауылы, Бөгенбай батыр ықшам ауданы (Пристанционный елді-мекені).

2-іске қосу – Қабанбай батыр ықшам ауданы (Геологиялық елді-мекені).

II кезең: 1-іске қосу – Бекболатсай ықшам ауданы (Рыбачий кенті), Костангелді мөлтек ауданы (Комбинат кенті)

2-іске қосу – 91-99-орам, 7,8-шағын аудан.

3-іске қосу – Батыс аймақ.

III кезең: 1-іске қосу – 66-84-орам

2-іске қосу – 1-8-орам

2020 жылғы Талап, Бөгенбай батыр (Пристанционный б.) елді-мекендеріне арналған газдандыру жұмыстары 100% аяқталды (1 кезең).

2021 жылы Қабанбай батыр ықшам ауданында (Геологиялық қоныс) газ құрылысы жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Одан кейінгі кезекте Бекболатсай (Рыбачий ауылы), Костангелді (Комбинатский ауылы) елді-мекендері бар.

## КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру – қаланың тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ететін

негізгі факторлардың бірі. Сондықтан автомобиль жолдарының жағдайын жақсартуға үлкен көңіл бөлінеді.

2020 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 1 млрд 431 млн теңгеге 39 км автомобиль жолдарын орташа жөндеу жүргізілді.

Жалпы ұзындығы 214 км автомобиль жолының: – 38 км-і немесе 18%-ы – жақсы жағдайда; – 79 км-і немесе 37%-ы – қанағаттанарлық жағдайда; – 97 км-і немесе 45%-ы – қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Қарағанды мен Қызылорда қалаларынан айналма жол салу бойынша арнайы жоба әзірленуде.

№4 жол айналымын жөндеу жобасы 2019 жылы қаржыландырудың болмауына байланысты тоқтатылды. Бюджеттен қаражат тек 2020 жылы бөлінді. Жұмыс бұрын жоспарланған мерзімнен кешіктіріле отырып жүргізілуде, өйткені эстакада жобасына техникалық сипаттамалар мен архитектуралық көріністі жақсартуды көздейтін толықтырулар енгізілді. Қазіргі уақытта негізгі жұмыстар аяқталды, көпір жақын болашақта пайдалануға беріледі. Қалған әрлеу жұмыстарын аяқтау 2021 жылдың I шілдесіне жоспарланған.

Жезказған мыс қорыту зауыты бағытындағы орналасқан №1,2 жол айналымын қайта жанартудың жобалық-сметалық құжаттары жасалып, мемлекеттік сараптамаға тапсырылды.

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Қаладағы қылмыстық ахуалға келетін болсақ, жағдай тұрақты. Басты көңіл қуантқышы қылмыстың 32% -ға төмендеуі. Есепті кезеңдегі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 119 миллион теңгеге қала көшелеріне 192 бейнебақылау камерасы орнатылды.

Құрметті жерлестер! Біздің маңызды міндетіміз – халыққа сапалы қызмет көрсету. Өткен жылы халыққа 26 012 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: мемлекеттік органдар арқылы қағаз түрінде – 3 404 (13%); Мемлекеттік корпорация арқылы – 2 983 (10%); электронды түрде – 22 625 (80%) қызмет. Өткен жылмен салыстырғанда электронды қызметтердің саны 3 есеге артты. «Open Space» жобасы аясында мемлекеттік қызметтер барлық түрі бойынша (әкімдік ғимаратында) 4200 қызмет көрсетілген. Пандемияға байланысты халықтың цифрлық сауаттылығына оқыту онлайн режимінде, «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасының ресми сайты (digitalkz.kz/kursy/) арқылы жүргізілді.

Қаланың барлық мемлекеттік мекемелері электрондық құжат айналымы жүйесіне қосылған. Талдау көрсеткендей, жыл басынан бері 1871 өтініш түскен, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 2 есеге аз.

Олардың басым бөлігі немесе 46%-ы жер алу мәселелері бойынша, 27%-ы коммуналдық қызметтер, 7%-ы жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өтініштер. 12 ай мерзімінде жеке және заңды тұлғалардан құқық бұзушылыққа қатысты шағымдар түскен жоқ. Осы аралықта қала әкімінің блогына 38, облыс әкімінің блогына 52 өтініш түскен.

Қала әкімі 9 жеке қабылдау өткізді, онда 62 адам қабылданды. 93 мәселе қаралды: 40 сұрақ бойынша тез арада түсініктемелер мен кеңестер берілді, оларды



шешу жолдары көрсетілді; 5 мәселе оң шешімін тапты. Қалған 48 проблема бойынша қала әкімінің орынбасарлары және мемлекеттік мекеме басшыларына тапсырмалар берілді. 97 азаматты қала әкімінің орынбасарлары мен басшылары қабылдады.

Жезказған қаласының әкімдігі Мемлекет басшысының бастамасымен «Еститін мемлекет» қағидатын іске асыру шеңберінде халықпен кері байланысты жақсартып, әлеуметтік желілерде арнайы ресми парақшаларын ашты. Бұл парақшаларға келіп түскен өтініштер тәулік бойына қаралады, сондай-ақ, тұрғындарға жедел желі телефондары да үздіксіз қызмет көрсетеді.

Соңғы жылы Жезказған қаласында әлеуметтік желілер арқылы 1900-ге жуық шағым түскен.

Қалада Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары жүргізіліп отырады.

Жезказған қаласы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі облыстық комиссияның 4 отырысы өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға ақпараттық қолдау бұқаралық ақпарат құралдарының құлақтандыруларымен және түрлі іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

ISO 37001: 2016 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың халықаралық стандартын (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі) енгізуге дайындық бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді. Аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және халықтың жергілікті атқарушы органдардың жұмысына деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қала әкімінің жыл сайынғы қала тұрғындарына беретін есебі – дәстүрге айналған шара. Олар біздің азаматтарымызды не мазалайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Былтырғы 4 есеп беру жиналысына 541 адам қатысып, 2 түсініктеме және 9 ұсыныс енгізілді. Соның нәтижесінде әлеуметтік мәселелер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы тағы да өзге салалар бойынша барлық мәселелер оң шешімін тапты.

# ЖАҢА ДЕПУТАТТАР ІСКЕ КІРІСТІ

VII шақырылған Жезказған қалалық мәслихатының алғашқы сессиясына Жезказған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Битенова төрағалық етті. Сессия жұмысына қала әкімі Қайрат Әбсаттаров бастаған орынбасарлары мен мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.



ҚР Әнуранымен ашылған сессияда 10 қаңтарда өткен сайлау қорытындысы оқылды. Естеріңізде болса, Жезказған қалалық мәслихат депутаты болып сайлауға 4 саяси партия қатысты. Сайлаушылардың дауыс беру нәтижесінде «Қазақстан Халық партиясы» 3099 дауыс, «Nur Otan» партиясы 32814 дауыс, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 3127 дауыс, «ADAL» саяси партиясы 613 дауыс жинады. Мандаттарды бөлу кезінде «Nur Otan» партиясына басымдық беріліп, мәслихатқа 11 «нұротандық» кандидат ұсынылды. Олар: Светлана Жумкина, Ерлан Кенжебеков, Тұрсынай Ибадатуова, Виктор Сотников, Мұрат Бөрібаев, Нұркен Ғабдулахитов, Советбек Медебаев, Арман Кенжебеков, Саят Балмағанбетов, Амангелді Әлімжан мен Дархан Мұхан. Қазақстан Халық партиясының партиялық тізімі бойынша Шахан Ибраев, «Ақ жол» партиясынан Макпал Орынбетова қалалық мәслихат депутаты атанды.

Жаңадан сайланған халық қалаулыларына депутат күәлігі

тапсырылған соң Жезказған қалалық мәслихаттың хатшысы сайланды. Депутаттар бірауыздан Советбек Медебаевтың кандидатурасын қолдады. Сессия жұмысын әрі қарай жалғастырып мәслихат хатшысы күнтізбесіне бес мәселе шығарды. Оның алғашқысы – VII шақырылған Жезказған қалалық мәслихат хатшысын сайлау болса, екіншісі – Жезказған қалалық мәслихаты жанындағы үш бірдей тұрақты комиссияны құрып, төрағаларын сайлау. Қалалық мәслихаттың экономикалық даму және бюджет мәселесі бойынша тұрақты комиссиясы Светлана Жумкина, әлеуметтік мәселелер бойынша тұрақты комиссияға Саят Балмағанбетов, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс және сәулет мәселелері бойынша тұрақты комиссияға Амангелді Әлімжан төрағалық ететін болды. Қалалық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясына жетекшілік жасау Дархан Мұханға жүктелді. Жезказған қалалық мәслихаттың II сессиясына Светлана Жумкина төрағалық етіп, редакциялық комиссиясы құра-

мына жоғарыда аттары аталған тұрақты комиссияның төрағалары бекітілді.

Сессия жұмысына қатысқан Жезказған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров:

– Құрметті, депутаттар! Баршаның халықтың сеніміне ие болып, депутаттық мандат алған тарихи сәтпен құттықтаймын. Жаңа құрамдағы депутаттар арасында ұстаздар, журналистер, кәсіпкерлер, коммуналдық сала мамандары мен өнеркәсіп мейталмандарының болуы құрамның әрбір салаға бейім, кез келген істі оңеңсертуде дайын екенін көрсетсе керек. Осы құрамда жастардың болуы мәслихат жұмысын жастық жігермен белсенді ете түседі деп ойлаймын. VII шақырылымда үш саяси партия депутаттарының бары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Мен Мемлекеттік басшысы ретінде шын мәніндегі көппартиялы жүйені дамытуға күш салуға міндеттімін» деген сөзін іспен дәлелдей түседі. Мемлекет Басшысы бүгінгі Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде саяси партиялардың Мәжіліске өту шегін жетіледі 5 пайызға төмендетуді тапсырды. Аталған норма елдегі саяси бәсекеңді дамуына үлес қосады. Ал, бәсекелестік бар кезде жұмыс өз нәтижесін беретіні анық, – дей келе, бүгінде Жезказғанда өзекті коммуналдық инфрақұрылымды жетілдіру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жаңа кәсіп көздерін ашу, экология мен қоғалдандыру жұмыстары, тәлім-тәрбие беру ісін жаңа деңгейге көтеру бағытындағы мәселелерді шешу жолында мәслихат депутаттарын аянып қалмай, тұрғындар сенімін ақтауға шақырып, сәттілік тіледі.

Диана ОРАЗАЛИНА



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

Бүгінгі таңда әлемде 252 ел бар. Соның ішінде Тәуелсіз деген биік мәртебеге иеленгені 195 екен. Одан бөлек мемлекет дәрежесіне көтеріле алмаған қаншама ұлт пен ұлыстар бар десеңізші?! Дегенмен, олардың барлығының маңайына өз алдын Тәуелсіз мемлекет құрып, сол елде өмір сүру бақыты бұйырманы өте өкінішті. Қырғын мен кесепатты, аштық пен азапты, жасуагерлік жезт пен жоқшылықты, оқ пен отты көрсе де басын тік көтеріп, тек алаза ұмтылған менің даңқты ұлтымның, қарға тамыры қазақ халқының қайтмас қайсар қайраты мен жігері – Тәуелсіз Қазақстан атты азат та айбынды, ерек те егемен, берік те бекем елдің іргетасын қалауға себеп болды. Азаттық таңының оңайлықпен атпағанын біріміз де білеміз. Бұл жолда қаншама «Елім» деп мейірген, «Жерім» деп тебірген батыр бабаларымыз маңдай терін төгіп, жанын да құрбан етті.

# БІЗ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚПЫЗ

1991 жылы 16 желтоқсан күні Тәуелсіздіктің ажқолтай хабарын көздеріне жас алып, тебірене қарсы алғандарын үлкендердің аузынан жиі естиміз. Дәл сол мезгілді көзімізбен көріп, куә болмақ та қасиетіне қанықпыз, қуанышына ортақпыз. Себебі, Тәуелсіздік – барша қазақ баласы мен оның шаңырағына ортақ шаттық, асқақ абырой нәсіл ең үлкен, жүгі ауыр аманат.

Таңбасы таста жатқан осынау асыл ұғым Тәуелсіздіктің қазақ атты ұлттың теріне қонақтағанына биыл міне 30 жыл тоғалы отыр. Кеуде мың бір бақыт әуені тербелуде. Отыз жыл айтарлықтай көп те кезек емес болуы мүмкін. Дегенмен, отыз жыл бұрынғы өрендер өсіп, өз қолдары өз ауыздарына жетті. Әрқайсысы бір-бір шаңырақ болып, сәйкесінше шаруаның тізгінін ұстады. «Отыз – орда бұзар жас» дейді халқымыз. Соған сай Қазақстанның қияға қалықтар сәті енді туды деп ойлаймын. Осынау уақыт ішінде еліміз әлем елдері аренасында өзін ішкі және сыртқы экономикадағы көшбасшылығымен, мәдениет пен білім саласындағы жетістіктерімен мойындата білді. Айтпаса сөздің атасы өледі. Расында, көршілес өзге мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанның әлем елдері алдындағы абыройы зор екенін ұғынып отырмыз. Осы тұста бұл еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жасаған нақты қадамдары мен шығарған ұтымды шешімдерінің дәлелі екеніне күмән жоқ. Аталған маңызды міндеттің үзінгі үзбей жалғастыра білген бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің озық ойлы саясаткер екенін біраз жұртқа дәлелдей білді.

Қай кезде де жастарға артылар үміт пен сенімнің толастайтыны ақиқат. Жаңашыл жастардың арқасында ғана мемлекеттің мәртебесі биіктейді. Әрине, бұл жолда көпті көрген ақылман ағалардың ақылы да қажет-ақ. Қай салада болмасын тәжірибе – басты орында. Өмірде сан мыңдаған адам бар. Соған сәй әр алуан пікірлердің қабырғасы да қаланады. Біреу оны таста, екіншілер сол жақ бағытты жөн көруі мүмкін. Қалай десек те, Тәуелсіздік еліміздің барша жастарына еркін ұшып, қияға қанат қағуға мүмкіндік бергені сөзсіз. Дәстүрге сай алдымен ауызмызға оралары, әрине – білім саласы. Барша қазақстандық балаларын тегін мектепте оқыту құқығына ие. Бүгінде бала-

ның сапалы білім алуы үшін барынша жағдай жасалған. Тек – оқысаң болғаны. Одан әрі мамандық бойынша білім алу мәселесі туындайды. Бұны айтарлықтай күрмеулі мәселеге жатқызуға да қажеті жоқ. Мектеп жасында жақсы оқысаң, өз біліміңді дәлелдеп шыға алсаң болғаны. Былтырдан бастап ҰБТ-дағы тәртіпті қатайғаны, бұдан былай бұрынғыдай «Өтпеген-ай» дейтін тұстардың орын алмауы, әрине, көңіл қуанттып, жанымызға мелеу сыйлады. Білім саласында әділдік болмаса, басқасынан не қайыр?! Жыл сайын ЖОО-ға бөлінетін білім гранттарының да саны артып келеді. Белгілі мөлшердегі балды жинаңыз да – мархабат, тегін оқу мүмкіндігіне ие болыңыз. Өмірдің жаңа сатысына көтеріліп, жаныңыз қалаған, бүгінгі заман талабына сай, нарыққа қажетті мамандық бойынша білім алыңыз, үйреніңіз, біліміңізді өзіңіздің және еліңіздің игілігіне пайдаланыңыз. Шынтуайтында Тәуелсіздік болмаса осы мүмкін болар ма еді?! Азаттықты аңсап, өзге елдің боданында жүрме сол бір тарихтың алғашқы беттеріндегі тұстарда ата-аналарымыздың, ұстаздарымыздың өміршіл білік тарапынан қысылық көргенін, тілге, дінде деген қатаң шектеулер салдарынан түрлі қорлықтарды көрген қазақ балаларының жай-күйін естігенде кеудені намыс оты шарпымай қоймайтыны рас. Не десек те, тәубе, дейміз. Тұғырлы Тәуелсіздігіміз бен ұлы ұлтымыз, ұлағаты ұрпағымыз бар. Дініміз де ден аман, тіліміз де тірі. Ендігісі – осының қадірін ұғынып, барды бағалау, аманатқа қиянат жасамау.

Президент бастамасымен білім, денсаулық сақтау салаларына айтарлықтай жағдай жасалуда. Бәсекелестік болған жүре – сапа да жақсы болатыны белгілі. Күн сайын дүние есігін ашып жатқан қазақ балаларының да саны артып келеді. Ұлт көбейген сайын – ұлттық руханият та жаңғыра түседі. Әр адам өз ұлтын айрықша сүйіп, бәрінен биік қоюы керек деген ойдамын. Мен де өз елін сүйер азаматша ретінде білім, білімді жетілдіріп, Қазақстанның дамуы жолында ерінбей еңбек ете беретін боламын. Азаттық айдынына алаңсыз қонақтаған біз бақытты халық екеніміз анық. Ендігісі – маңдайға біткен бақты бағалап, жарқын болашаққа қадам басу, тұғырлы Тәуелсіздігімізді мәңгі тұрақты ету.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

Кейінгі кездері қоғам белсенділері Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылатын зымырандардың Жезқазған мен Сәтбаев қалалары және Ұлытау ауданы аумағындағы экологиялық жағдайға тиізетінін зиянды әсері туралы мәселені жеті көтеріп жүр...

ЗЫМЫРАН ЗАРДАПТАРЫ ЗЕРТТЕЛУГЕ ТИІС

Байқоңыр ғарыш айлағы Қызылорда облысының Қармақшы ауданы аумағында 1955 жылы құрылып, 1957 жылы дүниежүзіндегі ең бірінші жердің жасанды серігі орбитаға жіберілген болатын. Әлемде теңдесі жоқ ғарыш кешені кеңестік замандағы зор жетістігіміз ретінде біздің мақтанышымыз болғаны белгілі. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғарыш айлағы Қазақстанның еншісіне қалдырылды. Ғарыш айлағы солтүстікке қарай 75, батыстан шығысқа қарай 90 шақырымға созылатын 6 мың шаршы шақырымнан асатын үлкен жерді алып жатыр...

Жезқазған қаласының аумағына жататын тағы 90 мың гектар алқап осы ғарыш зымырандарынан бөлінетін бөліктердің құлау аймағына тиесілі. Тағы бір түйткілі мәселе, осы аумақтардың «Жер кодексі» талаптарына сәйкес мәртебесі дұрыс айқындалмаған. Мысалға, қалдықтар құлайтын жаңағы Жезқазғанның 90 мың гектар жері ауылшаруашылығына арналған алқаптар қатарына жатады. Негізінде ол ғарыш қызметіне тиесілі жер деп айқындалуға тиіс...

Байқоңыр ғарыш айлағы Қызылорда облысының Қармақшы ауданы аумағында 1955 жылы құрылып, 1957 жылы дүниежүзіндегі ең бірінші жердің жасанды серігі орбитаға жіберілген болатын. Әлемде теңдесі жоқ ғарыш кешені кеңестік замандағы зор жетістігіміз ретінде біздің мақтанышымыз болғаны белгілі. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғарыш айлағы Қазақстанның еншісіне қалдырылды. Ғарыш айлағы солтүстікке қарай 75, батыстан шығысқа қарай 90 шақырымға созылатын 6 мың шаршы шақырымнан асатын үлкен жерді алып жатыр...

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

ТӨРТІПКЕ БАҒЫНАЙЫҚ

Аты жаман індет (COVID-19) біздің елде де әлемнің басқа елдеріндегідей аймақтарды қызыл, сары, жасыл түске жіктеген. Бұл көрсеткіш әр аумақта вирустың адамнан адамға жұғуының қаупін көрсетіп отыр. Төменде өздеріңіз көріп отырғандай әлемді жайлаған тәжтажалды елімізде жұқтыру бәсеңдегенінің орнына күн санап қарқын алып, көңілімізді құлаздытуды. Әр қазақ менің жалғызым дегендей, бейбіт заманда аяқ астынан аза тұтудан ауыр не бар. Өткен жылы осы індеттің кесірінен қаншама отандастарымыз, көз көргендеріміз қас пен көздің арасында келмеске кетті. Олардың рухтары бейіште шалқысын деймін...

Зымыран тасығыштардың бірінші сатысы түсетін Жезқазған өңірінің халқы да жүрек-қантамырлары, қатерлі ісік сияқты көптеген дерттің асқынуын осы экологиялық ахуал әсерінен көреді. Онкологиялық аурудың өсуіне экологиялық ахуалдың әсері бар екенін дәрігерлер де жоққа шығармайды. Қарағанды облысында өткен жылдың I қазандағы дерек бойынша онкологиялық ауруы бар 21078 науқас диспансерлік есепте тұрған болатын. Осының басым көпшілігі Жезқазған аймағына тән болуына орай қазір қалада жеке онкологиялық диспансер ашу мәселесі күн тәртібіне қойылуға...

Ізтөлеу БЕКЕНУЛЫ



АМАН БОЛСАҚ, ҚЫЗЫҚ ТОЙЛАНАР

Қаншама ата-бабаларымыз, шалдыққан науқастар саны күрт өсе-аналарымыз азат күнді, егемен кезеңді армандаған күйі кете барды. Өмір өлшеміміз ортасынан асса да осынау бақытты көру мүмкіндігі бізге де бұйырғанына шүкір дейміз. Еліміздің түтіні түзу ұшып, тірлігіміз күннен күнге жанаруда. Жасарын жасап, асарын асаған біздердің ендігі тілеріміз – еліміздің амандығы.

Тосыннан келген аты жаман ауру еліміздің экономикасына кері әсерін тигізбей қоймады. Үрлес құлағалы тұрған біршама салалардың құрғақ ауыз сөзінің өтірігі ашылды. Елдің біраз бөлігі жұмыссыз қалды. Дегенмен, айтпағым ол емес. Аурудың басты зияны біраз қазақ отбасын шайқалтып, қайғыға батырып кетті. Алғашында көрішлес Қытай елінде пайда болған ауру бір демде әлем елдерін түгелдей жаулап алды. Көзсіз, тілсіз аждаһаның аранының астында біздің елімізде қалды. Басқа басқа, қауіпті, жұқпалы індетке қарсы тұру өте қиын нәрсе екеніне көзіміз жетті. Бір демде байланыста болған 4-5 адамға вирус тарата алатын коронавирус дерті салдарынан бір отбасы анысынан, біреулер әкесінен, бауыр-туыс, жора-жолдастарынан айрылды. Қазаның қайғысын ешкіміңіз басына салмасын. Алғашында абдырап, қайда көңіл бөлерімізді білмей сасып қалғанымыз рас. Тіраған маска, ішетін дөрі таппай қиналды. Ауруханаларда науқас қабылдайтын орын қалмады. Үміт артқан дәрігерлеріміздің өзі ауруға төтеп бере алмай, о дүниеге аттанғанда қорқыныштың үрейі көптің кеудесін басып алды. Дегенмен, мемлекет тарапынан бөлінген мөл қаржы мен сырттан келген мекеттің арқасында біраз адам дерттен аман қалды. Ауру аяғы да бәсеңдегендей болған. Алғашында шоши аттандаған халық маскаға да үйренісіп қалды. Бірақ, аяқ астынан тағы да ауру өршіп барады. Өршіне, бұл күтілген де болатын. Жұрттың иммунитеті түскен қыс айында коронавирус түгелі басқасы да өршіпді ғой. Қысы қақаған біздікіндей аймақта ауру қаупі тіптен жоғары. Газет-теледидар бетіндегі жаңалықтардан Жезқазған-Ұлытау аймағында да аталған ауруға...

Рахым АРЫСТАНБАЕВ, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, еңбек ардагері

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономикалық құрылым, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және ордайым жетілдіру үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмін барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекеттің қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресудің әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегиясының қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозға-

лықса кез-келген жемқорлықтың туындауына «ноялдық» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады. Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған және әкімшілік реформалар – мемлекеттік басқару жүйесін жеңілдетуден туындайтын міндеттерге басты назар аударылған. Елбасы сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі бағыт-ламалық бағыттарын белгілеп берді. Содан бері мемлекеттік органдардың бақылау қызметтері қысқарып келеді, олардың жұмыстары бақылауға алынып, айқындығы қамтамасыз етілген, мемлекеттің экономика мен бизнеске араласуы кеміп келеді.

Елбасы сыбайлас жемқорлықпен күресудің аса маңыздылығын түсіне отырып, сыбайластыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша шараларды қолдану туралы тапсырмалар берді. Осының нәтижесінде өзіне мемлекеттік қызметке өту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерімен айналысуды жинақтаған жаңа орган құрылды. Ел Президентіне тікелей бағынатын орган болып табылған мемлекеттік қызмет істері жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекет пен қоғамның мемлекеттік қызметті, қадрлық саясатты жүзеге асырудағы күш-жігерін біріктіреді және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге күш салады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты. А. АХМЕТБЕКОВ, «ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекция» ММ-нің басшысы



Жезқазғанда апатты үйлердің жырғы аяқталуға жақын. Бытырдан бері мемлекеттік қазынадан қыруар қаржы қарастырылып, іргемасы сөгіліп, қабырғасы құлауға жақын тұрғын үйлердің тұрғындарына өтемақы төлеуге бастады. Аталған бағыттағы жұмыс быыл да өз жалғасын таппақ. Бұл жөнінде Жезқазған қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы Аліса Сағымбаевадан сұрап білдік.

# АПАТТЫ ҮЙЛЕР ТҰРҒЫНДАРЫНА ӨТЕМАҚЫ БЕРІЛЕДІ

– 2020 жылы апатты деп танылған 9 тұрғын үйдің 68 пәтерінде тұратын тұрғындарды көшірдік. Бүгінде 60 пәтер несие жалпы соммасы 254 963,547 мың теңге көлемінде өтемақы төленді. Өтемақы белгілеу кезінде жылжымайтын мүліктегі нарықтағы бағасы ескерілгенін айта кеткен жөн болар. Қалған сегіз пәтер несие бюджет қаражаты есебінен қайталама нарықтан жалға беру шар-тымен баспана беру жоспарланып отыр. Бұл мақсатқа 35,2 млн теңге қарастырылған, – деген Аліса Сүтбайқызы тұрғындардың бас ауруына айналған апатты үйлердің мәселесін шешу үшін Жезқазған қаласының әкімдігі 2021–2025 жылдарға арналған кешенді бағдарлама әзірлегенін жеткізді.

59, Байқоңыров көшесі №№22, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 42, 44, 48, 50, Омаров көшесі №30, Сейфуллин көшесі №13, Мир даңғылы №3 пен Железнодорожная көшесіндегі №19 үйдің тұрғындары түнде алаңсыз ұйықтайтын күн алыс емес. Сонымен бірге, биыл жартысы сырылған Жеңіс көшесі 11-үйдің қалған кіреберістері, Шевченко көшесіндегі 23-үйдің бірінші және Алаша хан көшесіндегі 24-үйдің төртінші кіреберісі де көшіріледі. Жалпы, Жезқазған қаласында 654 көп қабатты тұрғын үй бар болса, 2009–2020 жылдар аралығындағы техникалық тексерулердің нәтижесінде 41 тұрғын үй апатты деп танылған. Оның –33-і сүріп тастауға, 8-і күрделі жөндеуге жатады. 2025 жылға дейін қаланың шырайын қашыраған ескірген екі қабатты тұрғын үйлердің де тұрғындары көшіріліп, оның орнына заманға сай үйлер бой көтереді деп жоспарланған.

Бота ШАЛҚАР

# ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӨРКЕНДЕУДІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



1991 жылғы 6 желтоқсаны – Қазақстан прокуратурасы үшін тарихи күн. Осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен алғаш рет прокуратура органдарының тәуелсіз бірінші заңы қабылданды. Бұдан кейін «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі ролін анықтаған маңызды құқықтық акт болды. Осы заң бойынша прокуратура заңдардың орындалуын жоғары қадағалау органы болып анықталды. 1994 жылғы мемлекеттік бағдарлама прокуратура органдарын реформалаудың негізгі принциптерін белгілейді, олар кейін 1995 жылғы Конституцияда бекітілді.

Мемлекеттің қуаты мен жауапкершілігі заңдылық пен тәртіпке негізделеді. Ал осы жауапты да абыройлы міндет құқық қорғау, оның ішінде прокуратура органдарына да жүктелген. Тәуелсіз Қазақстан прокуратурасы Конституцияда бекітілген шешіммен алғаш рет біздің еліміздің заңдарының орындалуына жоғары қадағалау жүргізуші дербес орган ретінде жарияланды. Конституцияның 83-бабына сәйкес, прокуратура заңнаманың дәлме-дәл әрі бір-кейлі қолданылуын, жедел-із-дестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын, сотта мемлекет мүддесін білдіруді, сондай-ақ қылмыстық қуғынлауды жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Тәуелсіз мемлекет дамуының барлық кезеңінде прокуратураның ролі үздіксіз артып отырды және қазіргі кезде де болмасын оның басты міндеті — прокуратураның күнделікті жұмысын әрбір азамат прокурорды өз мүддесінің бірінші және ең жақын қорғаушысы ретінде қабылдап, таңитғындай дәрежеге жеткізуді қамтамасыз ету болып табылды және бұл бүгінгі күннің де басты талабы. Бүгінгі прокуратура — бұл Президенттің басқару нысанындағы демократиялық, зайырлы, құқықтық жә-

не әлеуметтік мемлекет құруға бағытталған тәуелсіз біртұтас мемлекет прокуратурасы. Егемендік жылдарында заңдардың қолданылуына жоғары қадағалау, қылмыстық қудалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді жүзеге асыратын прокуратураның бөлімі, оның әлеуметтік маңыздылығы еселеп өсті. Мемлекет басшысының қолдауының арқасында, прокуратура мемлекеттік билік жүйесінде ерекше орынға ие болып, бүкіл құқық қорғау жүйесінің өзегі болып отыр. Бүгінгі күні адам, оның құқықтары мен бостандықтары, азаматтардың сенімі, қоғамдық келісім, Қазақстанның тұрақтылығы мен кәуіпсіздігі, қоғам және мемлекет мүддесін прокурорлар қызметінің маңызы басымдықтарына айналды. Ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде прокурорлар мыңдаған адамның құқын қорғап, азаматтар тағдырына қорған болды. Прокурорлар өзінің назарын жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту кезінде адамдардың құқықтарын қорғауға, жалақыны уақытында және толық төлеуге ерекше аударып келді, бұл бағыттағы әрекетін одан әрі жалғастыра береді. Тағы бір ерекше атап өтетін мәселе — прокуратура органдарының соттағы ролі едәуір өзгергендігі.

Бұл — ең алдымен, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу принциптерін қайта қарауға байланысты. Прокурордың қызметі сотта мемлекеттік айыптауды қолдай отырып, бірінші кезекте, объективтілік пен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталды. Азаматтар құқығының бұзылмауын қадағалау, әртүрлі заңсыздықтардан қорғау әуелі қоғам мүшелерінің арыз-шағымдарын жасанды кедергісіз, талапқа сай қабылдауды жолға қоюдан басталатыны белгілі. Прокуратура қызметінің негізгі мәні — заң үстемдігін, әсіресе, азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету болса, Біз Тәуелсіздік жылдарында осы міндетті абыроймен жүзеге асырып келеміз. Алдағы күндері де еліміздің дамуы мен одан әрі көркеюіне, береке-бірлігімізді, ынтымағымызды арттыруға, қалыптасқан тұрақтылықты сақтау мен Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолында адал еңбек етуге дайынбыз. Біз Қазақстан Республикасына қызмет етеміз!

Эльвира НҮРСЕЙТОВА, Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры

## COVID-19

# «САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАМАЙ, ІНДЕТТІ ЖЕҢЕ АЛМАЙМЫЗ»

Әлеуметтік желіде желдей ескен «Жезқазған қызыл аймаққа өтті» деген хабар көпшілікті елең еткізді. Оған індеттің екінші толқыны наурызға келуі мүмкін деп топиылаған денсаулық сақтау министрінің үндеуі тіпті абыратып тастады.

Осы жаңалықты естіген әрбір саналы жанның көз алдына маусым мен шілдедегі жағдай келіп, бүгінде арамызда жоқтар есіне түскені анық. Дегенмен, «койпы, сол вирусты» деген пікірі барлар әлі де біздің арамызда кездеседі. Олардың күдігін сейіту үшін коронавирус жұқтырған науқастарды емдеуге арналып ашылған жана инфекциялық орталыққа барып қайтық. Қарбалас болса да жарты сағат уақытын қиған сол аурухананың жетекшісі жоғары санатты дәрігер Қарлығаш Шариязданованың түрінен-ақ жұмыс көбігейінен байқалды. Қарашада кездескендегімізді емес, түрі — шаршамақ. Бірақ, енесі — тік. Шынын айту керек, көпшілік арқасын кенге салды. Қыз ұзатып, тұсау кескен, Жаңа жыл тойлап, шеке мүжіген таныс-тамырларымыз арамызда бар. Олардың бей-камдығы індеттің өршуіне алып келді. Қарағанды облысының сары аймаққа өтуіне Жезқазған қаласында вирус жұқтырғандардың күрт өсуіне тікелей байланысты. Бүгін біздің орталықта 88 адам ем қабылдап жатыр. 47 науқаста COVID-19 расталды, өзгерлерінде — пневмония. Олардың қатарында балалар да бар. Науқас 21 баланың сегізі — 1 жасқа толмағандар. Жансақтау бөлімінде 7 науқас жатыр, — деп әңгімесін бастаған Қарлығаш Содауқасқызы жансақтау бөлімінің керуетіне 65 жастан асқандар түсіп жатқанын айтты. Егде тартқандарға вирусты жеңу оңайға соқпайды. Қазір біздің қарауымызда өкпесінің 15 пайызы зақымданған ата-апалар бар. Бірақ олардың коронавирустан басқа да жоғары қан қысымы, қант диабеті мен жүрек жетіспеушілігі сынды аурулары бар. Олардың бәрі коза түсіп, науқасқа

ес жигызбай жатыр. Сондықтан, карантин шектеулерінде көрсетілген 65 жастан асқандардың оқшаулану талабын орындауға баса назар аудару керек. Індеттің екінші толқыны балаларды айналдырады деп болжанды. Бірақ, алдын ала қамданып, тұмауға қарсы екпе салып, қашықтан оқытуға көшкеннің арқасында балалардың жаппай ауруына жол берілмеді. Дегенмен, жоғарыда айтқанындай 21 бала қазір біздің қарауымызда. Олар қайдан вирусты жұқтырып алды дейсіз? Әрине, үлкендерден. Сұрай келе, науқастар жиын-тойға барғанын немесе үйіне қоңақ шақырғанын біліп отырмыз. Екі-үш сағаттық қызықтың зардабы ауыр екенін олар енді сезініп жатыр, — деп әлі де болса вирусқа әгүсті қарап, өзінің, бауыр еті баласының денсаулығы мен өміріне немқұрайлық танытатындарға ашылды. — Рас, күз айларында статистика төмен болды. Сондықтан, көпшілік маска кино мен көпшілік орындарға бармауды, әлеуметтік арақашықтықты сақтауды доғарды. Олар біздің вирус бәсендісі деп сенген болар. Бірақ, олай емес. Бірінші толқында вирустың симптомды және симптомсыз түрімен ауырғандар көп. Соның нәтижесінде бізде ұжымдық иммунитет қалыптасты. Ол үш-төрт айға дейін бізді вирусты қайта жұқтырып алудан қорғайды, — деген маман тұрғындар өз өмірін аман алып қалу үшін сақтық шараларын барынша күшейту қажеттігін айтты. — Біз, дәрігерлер, алдымызға келген науқастың өлімінен арашалап, аяғына тұрғызу үшін анып қаламыз. Біз де дәрі-дәрмек те, тәжірибе де, медициналық аппараттар да бар. Бірақ, біз — құдай емеспіз. Өмірде бәрі біз ойлағандай бола бермейді. Вирус



үлкенді де, кішіні де аямай, жалмайды. Сондықтан, әр адам өз денсаулығына жауапты екенін ұмытпаса дейміз. Шақырған жерге бармаңыз. Антисептик пайдаланып, маска киіңіз. Денсаулықты нығайту үшін нәрлі тағамдар тұтынып, дәрігердің кеңесімен дәрумендер қабылдаңыз. Спортпен шұғылданып, көңілді жүріңіз. Ең бастысы, үрейге бой алдырмау керек, — деп кеңесін аямаған Қарлығаш Шариязданова коронавирустың белгілері демікпе, жоғары температура мен тамақтың қызаруы, мұрынның бітелуі, буындардың сырқырауы мен кеуде тұсының ауырсынуы екенін айтты. Аталған ауру белгілері бар науқастар «басылар» демей дәрігердің көмегіне жүгінуі қажет. Ауруын асқындырып алғандардың басым көпшілігі кейін жансақтау бөліміне түседі екен. Бойымызға үндемей кіріп, мысықдай шығатын індет бүгін-ертең түп тамырымен жойылмасы анық. Көзге көрінбейтін вируспен арпалыста біз жеңіп шығуымыз үшін, әр адамның үлесі қажет-ақ...

Диана ОРАЗАЛИНА

# КОРОНАВИРУСТЫҢ ҚАУПІН ЕСКЕРМЕУ САН СОҚТЫРУЫ МҮМКІН



Коронавирустық инфекция COVID-19 коронавирсымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Жігі респираторлық вирустық инфекциясы — жеңіл түрде де, ауыр түрде де өту қаупі бар ауру. Оның ерекше асқынуды вирустық пневмония, жігі респираторлық дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Аурудың ең көп тараған белгілеріне дене қызуы, шаршағыштық және құрғақ жөтел жатады. Ауруға қарсы қандай да бір арнайы вирусқа қарсы емдеу немесе алдын алу құралдары жоқ. Көптеген жағдайларда (шамамен 80%) адамдар арнайы емделерсіз сауығып кетеді. Аурудың ауыр түрлері қарт адамдарда және демікпе, диабет және жүрек аурулары бар адамдарда дами алады. Төтенше жағдайларда өмірлік маңызды органдардың функцияларын қолдауға арналған құралдар қолданылады. Вирус құрамында вирусы бар тамшы-

лар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ өзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады. Алдын алудың тиімді шараларының қатарына қолды жиі жуу және респираторлық гигиена ережелерін сақтау жатады. Шамамен 15% жағдайда ауру оттегі терапиясын қолдану қажеттілігін тудырады. Эпидемияға байланысты Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) денсаулық сақтау саласындағы халықаралық маңызды бар төтенше жағдай жариялады. Жағдай тез дамып, күн сайын ауырғандар мен қаза болғандар саны артып келеді. **Алдын алу шаралары** Қазіргі уақытта коронавируска қарсы вакцина дайындалып, 2021 жылдың ақпан айынан бастап екпе жұмыстары басталады. **Коронавирустан қалай сақтану керек?** Қолды әр жарты сағат сайын 20 секунд бойы сабындау жуу; Микробтарды өлтіруге антисептик қолданыңыз. Медициналық спирт те қолдануға жарайды. Егер спиртке аллергия бар болса, санитайзерді пайдаланыңыз; Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын-аузыңызды қағаз майлықпен не шынтағыңызбен жабыңыз. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастап, қолыңызды жуыңыз; Қолыңызды көзіңізге, мұрыныңызға және аузыңызға тигізбеңіз; бұлар вирустың «кіріс қапқасы» саналады; Жөтел, жоғары температура және тыныс алу мүшелері ауруларының басқа симптомдары бар адамдардан аулақ жүріңіз; Адам көп жиналатын қоғамдық орындарға, той-томалақ, жиындарға бармай, үйде отыруға тырысыңыз;

Адамдармен қол алыспай, қашықтықта амандасқан жөн; Іссапардан бас тартып, әлем бойынша саяхатты шектеңіз; Үйдің терезесін жиі ашып, ауаны тазартып тұрыңыз; Қоғамдық көлікті жиі пайдаланбаған жөн; Қолма-қол ақшадан бас тартып, төлемді мүмкіндігінше банк картасы арқылы жасаңыз; Болмені жиі желдетіңіз; Табиғат пен фермалардағы жануарлардан аулақ жүріңіз; Ет пен жұмыртқаны ұзақ уақыт қайнатып пісіріңіз, яғни, шала піскен күйінде тұтатыңыз; Температура көтерілгенде, жөтелгенде және тыныс алу кезінде медициналық жәрдемге жүгініңіз; Имунитетіңізді нығайтып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтынғыңыз. Әрбір адам өз денсаулығына жауапты болып, жедел респираторлық белгілер пайда болса бірден дәрігерге жүгінуі керек. Медициналық көмек симптомдарды жеңілдетуге және аурудың әрі қарай дамуына жол бермеуге көмектеседі. Өз білгеніме үй жағдайында ем қабылдаймын деп, коронавирустың қаупін бағаламай, уақытыңызды жоғалтып сан соқтырып алмаңыз!

Молдір ӘЛПЕК, Жезқазған қалалық емханасының эпидемиолог-дәрігері

# VII шақырылған ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

VII шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының депутаттарының кезекті сайлауының қорытындылары бойынша келесі депутаттар тіркелген:

«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ партиялық тізімі бойынша:	
Ибраев Шаркан Уалиевич	1955 ж., төраға, «Жезқазған өңірінің тау-кен металлургия өнеркәсібі еңбекшілерінің кәсіподағы» ҚБ, Жезқазған қ.

«Nur Otan» партиясы» ҚБ партиялық тізімі бойынша:	
Жумкина Светлана Серикпаевна	1967 ж., директор, «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ, Жезқазған қ.
Кенжебеков Ерлан Темирулы	1981 ж., директор, «Шаруа «Сауда орталығы» ЖШС, Жезқазған қ.
Ибадатова Турсынай Шахмуратовна	1979 ж., «ПИК «Ютария ltd» ЖШС, Бас директорының орынбасары, Жезқазған қ.
Сотников Виктор Юрьевич	1958 ж., техникалық директор, «электр желілері кәсіпорны – ПЭС», Жезқазған қ.
Бурибаев Мурат Ерболатович	1991 ж., директор, № 1,2,3 Жезқазған байыту фабрикасы, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, Жезқазған қ.
Габдулаухитов Нуркен Серикжанович	1986 ж., учаске шебері, «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС Жезқазған мыс балқыту зауыты, Жезқазған қ.
Медебаев Советбек Турсынович	1965 ж., хатшы, Жезқазған қалалық мәслихаты, Жезқазған қ.
Кенжебеков Арман Хундыкович	1993 ж., «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, «Жезқазған университеті» АҚ. а. Байқоңыров», Жезқазған қ.
Балмағанбетов Саят Сабиевич	1984 ж., ҚБ Президенті, «Спортты дамыту орталығы» ҚБ, Жезқазған қ.
Әлімжан Амангелді Симбайұлы	1973 ж., техникалық жетекші, «КазЦентрЭкспертиза» ЖШС, Жезқазған қ.
Мұхан Дархан Қабылдашұлы	1988 ж., директор, «Сарыарқа газетінің редакциясы» ЖШС, Жезқазған қ.

«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» ҚБ партиялық тізімі бойынша:	
Орынбетова Макпал Касымовна	1965 ж., Жезқазған қ. «Дилар» теларнасының бас продюссері, Жезқазған қ.

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы

# АРНАУЛЫ УАҚЫТША ШОТ АШУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫН ЖҰМСАУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ 23-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАУ КЕЗІНДЕ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫ ҚАРАЖАТЫН ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 19 қаңтардағы жағдай бойынша

№	Іс-шаралардың атауы	Саяси партиялардың атаулары				
		«Ауыл» Халықтық-демократиялық партиясы» партиялық тізімі бойынша	«NUR OTAN партиясы» қоғамдық бірлестігі»	«ADAL» саяси партиясы» қоғамдық бірлестігі	«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі	«Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі
1	Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:		19 695 050,00	263 500,00	200 000,00	93 220,00
1.1	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес саяси партияның өз қаражаты		11 000 000,00	263 500,00	0,00	93 220,00
1.2	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырымдылықтары		8 695 050,00	0,00	200 000,00	0,00
2	Сайлау қорының саяси партиялар жұмсаған қаражатының барлығы, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға, кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге, баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды дайындауға		19 695 050,00	263 500,00	200 000,00	93 220,00

Жезқазған қаласы аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» Акционерлік қоғамының деректері негізінде

DÜISENBI

25 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Қазыналы Қазақстан». Д.ф. 6:20 «Мәселелер».

ХАБАР

6:00 Жұлдызды жеке-жеке. 7:30 М/с «Бұбаб».

SEISENBI

26 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Қазыналы Қазақстан». 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР

6:00 Жұлдызды жеке-жеке. 7:30 М/с «Бұбаб».

SÄRSENBI

27 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Қазыналы Қазақстан». 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР

6:00 Жұлдызды жеке-жеке. 7:30 М/с «Бұбаб».

BEISENBI

28 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала дүбірi». Д.ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР

6:00 Жұлдызды жеке-жеке. 7:30 М/с «Бұбаб».

JUMA

29 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала дүбірi». Д.ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР

6:00 Жұлдызды жеке-жеке. 7:30 М/с «Бұбаб».

SENBI

30 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала дүбірi». Д.ф. 6:30 «Ғасырлар үні».

ХАБАР

6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 «Сенi ұмытқан жоқпын».

JEKSENBI

31 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала дүбірi». 6:30 «Толғаи». 7:30 «Атамекен».

ХАБАР

6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 «Сенi ұмытқан жоқпын».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН. 07:30 «МӘС-САҒАН 232».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм.

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН. 08:00 «БАҚЫТКА ЕСІК АШАЙЫҚ».

АСТАНА

6:00 Қауламер. 6:30 «Үздік әзілдер». 7:30 Х/ф «Бригадирлар ружка».

КТК

07:05 «ОНЕРПІ ОТБАСЫ». 07:30 «ӘН МЕН ӨННІ».

ЦЕРТ». 04:15 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР». 05:00-05:30 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР.

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Доктор Котов».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Мультифильм». 08:35 Қузырақат.

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

7-АРНА

08:00 «ДиДар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Ән шашу».

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

«ҚАЙРАН ҚАРТТАР». 04:50-05:20 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР.

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

7-АРНА

06:00 «Айна-онлайн». 07:15 «Элиф». 09:00 «Смеяться разрешается».

03:05 «БАҚЫТКА ЕСІК АШАЙЫҚ». 03:30 «КЫЗ ҚЫЛЫҒЫ».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Айна-онлайн». 09:00 «Смеяться разрешается».

ДИДАР

08:00 «ДиДар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Үздік әзілдер».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Айна-онлайн». 09:00 «Смеяться разрешается».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Үздік әзілдер». 09:20 Деректі фильм.

09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм. 10:00 Новости т/к «Ақшам».

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 What's Up?.

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «What's Up?».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 What's Up?.

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Сериял «Паутина».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 What's Up?.

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Сериял «Паутина».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 What's Up?.

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 06:50 Информбюро. 08:00 Сериял «Паутина».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Мистическое шоу «Витна экстрасенсов».

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Тамаша Live.

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Мультсериял. 10:00 Детская эстрада.

АҚШАМ

06:00 Ризамын. 07:00 Тамаша Live. 08:30 Музыкальное шоу «Витна экстрасенсов».

ЕСКЕ АЛУ

САҒЫНЫП ЖҮРМІЗ ӨЗІңДІ

Ардақты ағамыз, аяулы әкеміз Төкбiбiш РАМА-ЗАНҚЫЗЫН сағына еске аламыз.



Сен бар кезде жаз екен ғой тіршілік, Жүрүші едік гүлдей болып нұр сініп.

Асыл едің, еркесі едің дарағың Дархандығы сенде еді ғой даланың.

Ер Тоқан деп жүрүші еді қатарың, Сен бар кезде көңілім жайлы еді.

Сен кеткен соң көңілім мұзға айналды, Жүрегім шерге айналды.

Шалқып та жүрген көңілім су сепкендей басылды. Сағыныштың әсері ме, сенбесек те кешегі Жылап тұрып көз тастаймын сенің жансыз суретіңе.

Асыл бейнеңді ешқашан ұмытпайтымыз, Өзінді әркез еске алып ұмытқайтымыз. Жатқан жерің жайлы болып, рухың пейіштің төрінде шалқысын. Жаныңыз жәннатта болсын.

Еске алушылар: Күлсайра, Толғанай, Бақдаулет

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ ҰЛЫ ГАЗ: ҰЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК



Ауа райы суытқан кезде тек өрт емес, кей кездері адамның өліміне әкеліп соғатын улы газдан улану жағдайларының саны өседі. Улы газды әдетте «злым жанаңдығы» деп те атайды, өйткені оның түсі де, иісі де жоқ, қаза болған адам оны сезбей кетеді. Оған қоса, газ ауамен араласып өзінің улағыш қасиетін жоғалтпаған күйі тез тарайды.

Улы газдан уланудың белгілері. Көп жағдайда улы газдан улану көмірмен немесе газбен жағылған пештерді немесе қазандықтарды дұрыс пайдаланбаудан туындайды.

Адамға дер кезінде көмек көрсету үшін мұндай уланудың негізгі белгілерінен хабардар болу қажет. Улы газ иіссіз болатындықтан, тыныс алу ауасының құрамында 0,08% көмірқышқыл газы араласқан кезде адамның басы ауырып, тұңшығу белгілері сезіліп, улану мүмкін. Көмірқышқыл газының концентрациясы 0,32% дейін жоғарылаған кезде сал ауруының белгілері байқалып, есінен тану жағдайлары болады (өлім 3 минуттан кейін келеді).

Концентрация 1,2% асқанда 2-3 тыныс алудан кейін адам есінен танып, кемінде 3 минуттан кейін өлімге әкеледі. Улы газдан улану кезіндегі көмек. Мұндай жағдайда зардап шегушіге дәрігерге дейін көмектің дұрыс көрсетуі өте маңызды. Ол үшін алдымен уланған адамды таза ауаға шығарып, аяғын сол көтеріңкі күйде жатқызып, денесін тар киіммен босатып, мүстүрті спиртін иіскетіңіз. Егер адам есін біліп жатырса оған тыныштық және үзіліссіз оттегі қажет, мысалы газетпен желпуге немесе желдеткіш қосуға болады. Ал зардап шегуші дем алмай жатса, алдымен тыныс алу жолдарын тазалап алып, жасанды дем беру қажет. «Желді жәрдем» қызметін шақырыңыз. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда өмірлік маңызды функциялары қалыпқа келгеннен соң зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізуге тырысыңыз.

Есіңізге болсын, уланған адамды қауіпті газ концентрациясы бар жерден алып шығу кезінде өзіңіз бірге улануы қатпас үшін бірінші кезекте өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету қажет. Ол үшін тез әрекет етіп, көп ормалды немесе дәке арқылы тыныс алу керек.

Улы газдан уланудың алдын алу. Расында, қарапайым қауіпсіздік шараларын барлығы да біледі. Дегенмен, улану орын алады. Демек, кейбір адамдар үшін жатқанды әрі баршаға мәлім қағидаларды қайталауға тура келеді:

- тек жарамды жабықтықтар қолданыңыз. Пеш қалауларындағы жарықтар, тазаланбаған түтін тұрбасы сол сияқты «ұсақ-түйектер» ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.
- пештер мен каминдерді қағидаларға сәйкес қолданыңыз. Желдету жүйесінің жұмысына жүйелі түрде тексеру жүргізіп, түтін тұрбаларын уақытылы тазалаңыз, пештер мен каминдерді қалауда тек кәсіпқой мамандарға жүгініңіз.
- автокөлік желі, көлікжайда (гаражда) қозғалтқыш бөлігін қосылу күйде жұмыс жасамаңыз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда Сіз тұншықтығырған газбен уланудың құрбаны болмауыңызға кәмілді.

Руслан ШАЙХИН, Жезқазған қаласы ТЖБ ОМББ аға инженері азаматтық қорғау қанитаны

BSN 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KСJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік несі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелген серіктестігі Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН. Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті нақарысы болып табылады. Мақалалардың көзқарысы үшін автор жауапты. Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Карағанды қаласында «Типография «Арқо» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.



## ЖАС ӨЛКЕТАНУШЫЛАР САДАҚ АТУДАН ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТТІ



«Жас өлкетанушылар» үйірмесінің қатысушыларына ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін садақ ату өнері, қарапайым және күрделі садақ, жебе түрлері, ату әдістері туралы айтылды. Шебер қатысушылардың

Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайында қазақ ерлерінің бес қаруының бірі – садақ атудан шеберлік сабағы өтті. Шеберлік сабағын садақ ату шебері, жаттықтырушы, ұлттық өнерді дәріптеуші Мейірімхан Ералиев өткізді.

сұрақтарына жауап беріп, оқушыларымен бірге алаңда ату техникасын көрсетті. Өз күштерін өлкетанушылар да сынап көрді.

– Садақ ату – біздің бай тарихымыздың маңызды бөлігі, сондықтан

ұлттық құндылықты дамыту қажет. Жастар бұл өнер туралы біліп, садақ атуды үйренуі тиіс, – дейді Мейірімхан Ералиев.

Өз тілшіміз

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН

тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, емделуге ақы төлеуге және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушыға беру үшін қалай пайдалану керек?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) тегін медициналық көмектің келіп берілген көлеміне кірмейтін емделуге және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ақы төлеу үшін, сондай-ақ, жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалануға құқықтары бар.

БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар төмендегі адамдар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін өзінің, жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өздері немесе жұбайы (зайыбы) не жақын туыстары үшін емделу ақысын төлеу үшін пайдалану құқығын қолдана алады:

1) олардың зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинағының белгіленген ең аз жеткіліктілік шегінен асып түсіуі керек.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы мен уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алған күнге Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомасынан аспауы тиіс;

2) зейнетақы мөлшері алушының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленген 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз ете алуы керек.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан бастапқы электрондық хабарламаны алған күнге салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс;

3) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан;

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы жинағының мөлшерінен аспауы қажет.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану құқығын іске асыру үшін азаматтар, ең алдымен, өздерінің зейнетақы жинақтарын тексеріп, БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында алуға болатын соманың бар екеніне көз жеткізулері тиіс.

Қордың eprf.kz корпоративтік сайтындағы Жеке кабинетте, сондай-ақ, БЖЗҚ-ның жаңартылған ұялы қосымшасында, Telegram-да алуға болатын қолжетімді сома туралы ақпаратты онлайн режимінде тексеру мүмкіндігі іске асырылды.

Қордың корпоративтік сайтындағы Жеке кабинетте және ұялы қосымшада авторланудың екі тәсілі қолжетімді: ЖСН мен парольді енгізу немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану. Сондай-ақ, ұялы қосымшаға кейіннен қайта кіретін болсаңыз, ұялы құрылғыңызда бар болса Touch ID немесе Face ID пайдалануға болады. Ыңғайлы болу үшін пайдаланушы қызмет көрсетудің қазақ немесе орыс тілдерін таңдай алады.

БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары тексергеннен кейін зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емделуге пайдалану туралы шешім қабылдаған салымшылар (алушылар) арнайы шот ашу үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш (бұдан әрі – төлемге өтініш) беру үшін уәкілетті оператордың интернет

– порталы арқылы уәкілетті операторға жүгінулері тиіс.

Салымшы (алушы) біржолғы зейнетақы төлемін алған кезінде төлейтін жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін өзі таңдауы тиіс (жарналарды БЖЗҚ-ға аударған кезде ЖТС алынбайтынын естеріңізге саламыз). Ол уәкілетті операторға төлемге өтініш берген кезінде ЖТС ұстап қалу туралы өтінішке таңдаған тәсілді көрсетіп, ЭЦҚ арқылы қол қою жолымен іске асырады.

Яғни, азаматтар БЖЗҚ-ға ЖТС біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан қай уақытта: төлем сәтінде толық көлемде дереу немесе ЖТС кейінге қалдырылған кезінде ұстап қалу (зейнетақы төлемдерінің кестесі бойынша зейнетақы жасына жеткен кезде ай сайын тең үлестермен) керектігін өздері көрсетеді.

Уәкілетті оператор 2 (екі) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді, онда төлемге қабылданған өтініш туралы мәліметтер, оның ішінде алу мақсаты, ТАӨ, туған күні, ЖСН, салымшы (алушы) айқындаған мөлшердегі біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы, ЖТС ұстап қалу тәсілі туралы мәліметтер қамтылады, сондай-ақ, салымшының (алушының) ЭЦҚ қойылған ЖТС ұстап қалу туралы өтініші электрондық хабарламаға қоса берілетін болады.

БЖЗҚ уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға салымшының (алушының) біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударды, ол өз кезегінде бұл соманы салымшының (алушының) арнайы шотына аударды.

Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы уәкілетті операторда («Отбасы банк» АҚ) ашылған салымшының (алушының) арнайы шотында 45 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде сақталады.

Осы мерзім ішінде салымшы (алушы) уәкілетті операторға нысаналы мақсаттар бойынша құжаттарын ұсынуы тиіс. Егер ол көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті оператор біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын БЖЗҚ-ға қайтаруға тиіс. Қор ол соманы салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотына есептейді.

Осылайша азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мәселелері бойынша барлық өтініштері уәкілетті операторға «бір терезе» қағидаты бойынша келіп түседі және қаралады. Азаматтар тарапынан БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру талап етілмейді. Тек салымшылар БЖЗҚ-дан алуға болатын зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді өз бетінше онлайн тәртібімен алулары керек.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында алудан басқа, 2021 жылдан бастап азаматтар түрлі инвестициялық стратегияларды ұсынатын инвестициялық портфельді басқарушыларды (ИПБ) дербес таңдау арқылы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен өздерінің зейнетақы жинақтарын басқаруға қатыса алады. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ның өңірлік кеңселеріне жеке өзі жүгіну жолымен немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы қашықтықтан БЖЗҚ-ның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша өтініш беруі қажет.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға аудару үшін пайдалану құқығын БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы шарттар, сондай-ақ, кастодиандық шарттар жасасатын, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі айқындаған, Қазақстанның қаржы нарығында ИПБ ретінде пайдалануға болатын нағыз аударамыз.

«БЖЗҚ» АҚ  
баспасөз орталығы

## ТАҒЫ БІР КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯ КАБИNETІ АШЫЛДЫ

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының хабарлауына Жезқазғанда мемлекеттік-жекешенілік әріптестік аясында көпсалалы аурухана базасында жаңа компьютерлік томография кабинеті ашылды. Бұл – қаладағы бесінші КТ-кабинет. Аппараттың қуаты тәулігіне 120-ға жуық зерттеуді құрайды.

Заманауи жабдықта қазірдің өзінде көптеген зерттеулерден өтуге болады. Келесі айда инжекторды орнатумен контрасты зерттеулер қол жетімді болады. Фициалда ақылы негізде де, ТМҚКК және МӘМС шеңберінде де белгіленген квота шегінде қызмет көрсетілетін болады. КТ бірінші кезекте орталық ауруханада стационарлық ем алатын шұғыл пациенттер үшін жүргізілетін болады.



Қорытындыны зерттеу жүргізілген сәттен бастап 24 сағат ішінде алуға болады. Науқас қолына диск алады, ал қажет болған жағдайда қосымша ақыға жеке пленка тасымалдағышқа ие болады.

КТ аппараты бар филиалдың мекенжайы: Иманжан көшесі, 11.

Жұмыс уақыты: дүйсенбіден жұмаға дейін 09.00-ден 19.00-ге дейін.

### ЭКОСОФИЯ

## МӘШҮР АЙТҚАН АҢЫЗДАР

Машһур Жүсіп жырлаған бір аңызда Ібіліс шарап ішкен екен. Аузына ашы дәм келеді. Оған жиіреніп кетіп, түкіріп жібереді. Бірақ түкірігім жұмақты былғайтын болды деп жан ұшырап:

– Иә, Алла, түкірігімді жерге түсірме! – деп жалынады. Құдай тілегін қабыл етіп, түкірігін жерге түсірмейді. Аспанда қалқып тұрып қалыпты. Қиямет-қайыамда сол түкірігі Ібілістің басына от болып жауады деседі.

Ойда жоқ болсам деген бір күн харап, Мас болған гапідіктен ішіп шарап, Түкірігім жерге түсіп қалмамын деп, Түкірігем созып мойным көкке қарап, Аз күнде қылып өткен көп арманым, Қойған соң Құдай беріп бұ жалғаным, Түспеген түкірігі сонда жерге, Құдайым қабыл етіп ойға алғаным, – деп Машһур Жүсіп жырлайды.

### Жерге түкірме

Озалда адамнан бұрын Әбілет пен Тәбілет деген екі мақұлық жаралыпты. Тәңірісі оларға жерді мекен етіп берген еді. Олар жерге түскен соң үнемі жерге түкіріп жүріпті. Түкірген сайын кара жер қорланып:

– Уа, Тәңірім, мені мына екі мақұлықтан құтқар! Бұлардың жанын тезірек ал деп қарғапты.

Бір күні Әзірейіл періште Әбілет пен Тәбілетті де құрықтап, жаһаннамға алып кетпекші болады. Сол кезде Тәңірісі:

– Әй, Әзірейіл, олардың жанын кіргізіп, алдымен жердің қойнына бер! Бұлардың жерден тартатын жазасы бар! – дейді! Періште екеуін алып, көрге ығады. Құдай құдыретімен Әбілеттің бүкіл түкірігін жинап шаңдырды жаратады. Тәбілеттің түкірігінен қарақұрттарды жасайды. Сосын:

– Бұл екеуі жердің үстіне қақырып, түкіріп оны қорлаған еді, енді соның сазайын тартсын! – дейді. Сол сәтте шаян мен қарақұрттар жан-жақтан жабылып талай бастайды. Екеуі шаңғырғанда жан дауысы шығыпты. Олар мың рет қиналып өліп, мың рет қайта тірілген екен. Әбден азапталған соң ғана жаһаннамға кетіпті. Осылайша қарақұрт пен шаңдыр Әбілет пен Тәбілеттің түкірігінен пайда болады.

Содан бастап жер бетінде бір адам түкіретін болса кара жер зар жылайды екен. Түкірген адамның соңғы демі бітіп, жер қойнына барғанда түкірігі шаян мен қарақұртқа айналып өзін шағады дейді.

«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан

## 30 Тәуелсіздік жылдығы ҚАЗАҚСТАН

1992 жыл

• 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің №42 қаулысымен ҚарПТИ-дің Жезқазған филиалы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған тау-кен техникалық институты болып құрылды.

• ҚР Үкіметінің 01.02.1992 ж. күшіне енген «Жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті халық депутаттары Кеңесі туралы» заңына сәйкес қалалық атқару комитеті өз қызметін тоқтатып, оның мұрагері Жезқазған қалалық әкімшілігі құрылды.

• 9 наурыздағы Жезқазған қалалық әкімшілігінің №7/1 шешімімен қоршаған ортаны қорғау қалалық қоры құрылды.

• 20 наурызда Қазақстанның теміржол саласына қызмет көрсету үшін мамандандырылған банк ретінде «Темірбанк» ашық акционерлік қоғамының Жезқазған филиалы ашылды.

• 23-27 маусым аралығында республикалық жастар газеті «Жас қазақтың» Жезқазған облысындағы күндері өтті.

• 24 маусымда Халық депутаттары Жезқазған қалалық Кеңесінің қаулысымен Камал Смайлұлова және Төрегелді Шармановқа «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

• 16 шілдедегі Жезқазған қалалық әкімшілігінің №202/4 шешімімен №8 қазақ орта мектебі физика-математика және гуманитарлық бағыттағы гимназия болып қайта құрылды.

• 25-27 қыркүйекте Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайына қатысушылар Жезқазған мен Ұлытау ауданына келіп қайтты.

• Қараша айында Алматы қаласында жазушы Ғ.Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толу құрметіне өткен республикалық театрлар фестивалінде Жезқазған облыстық қазақ музыкалы-драма театры фестивалдің Бас жүлдесін жеңіп алды.

• Қаланың солтүстік шығысында, 91 орамда жана мешіт пайдалануға берілді. Мешіттің құрылысын салуға «Жезқазғантүстім» ҒӨБ-гі демешілік жасады.

• 1992-1993 оқу жылында Жезқазған педагогтік институтында тарих факультеті құрылды.

1993 жыл

• 6 ақпанда Қазақстан Республикасы халыққа білім беру министрлігінің ғылыми кеңесі «Жезқазған облысының географиясы» атты оқулықты баспадан шығаруға шешім қабылдады.

• Қаңтар айында Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясы қабылданды.

• 3 сәуірде облыс әкімшілігі Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған тау-кен технология институтының ең таңдаулы студенттеріне, академик атындағы стипендия тағайындалды.

• 9 қыркүйекте Египеттің астанасы Каирде өткен халықаралық театрлар фестивалінде Жезқазған облыстық қазақ музыкалы-драма театрының ұжымы Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасын қойды.

• 16 қыркүйекте Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев жұмыс сапарымен Жезқазған, Сәтбаев қалаларының барлық кәсіпорындарында және Ұлытау аймағында болды.

• 8 қазандағы қала әкімшілігінің №504/10 шешімімен қалалық оқушылар сарайына Кеңестер Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері, ҚР «Халық қаһарманы» Токтар Әубәкіровтің есімі берілді.

• 8 қазандағы Жезқазған қаласы әкімінің №504/10 шешімімен қаланың шығыс бөлігінде орналасқан «ВЛКСМ» мәдени-демалыс саябағы «Жастар» мәдени-демалыс саябағы болып өзгертілді.

• 8 қазандағы Жезқазған қаласы әкімінің № 504/10 шешімімен қаланың оңтүстік шығыс бөлігінде орналасқан «Южный» саябағы «Наурыз» саябағы болып өзгертілді.

• 2 қарашада Ұлытау ауданында Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановқа ескерткіш орнатылды.

• 15 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы теңге айналымға шықты.

• Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолдары» мемлекеттік компаниясын құру туралы жарлығы негізінде Жезқазған облыстық автожол басқармасы акционерлік қоғамы құрылды.

• Жезқазған тау-кен техникалық институтында «Машина жасау технологиясы мен тау-кен машиналарын жөндеу» кафедрасы құрылды.

• Қазақстан Республикасының Президенті тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Түркияның сол кездегі Президенті Тұрғын Әзаддың қолдауымен Жезқазғанда қазақ-түрік лицейі ашылды.

• Облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан археология бөлімі ашылды.

• Жаңадан ашылған бөлімнің мақсаты – көшпенділер тарихындағы Ұлытаудың атқарған ролін анықтау, тарихи мәдени ескерткіштерді зерттеу, туған жеріміздің тарихын насихаттау.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві